

«Ел сенімі бізге – аманат»
3-бет



«Медициналық пойыз» – мүмкіндік
5-бет



Нұрлан имам: Қазақтың діндарлығы тәй-тәйлаған баладай
6-бет



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/

СЕНБИ, 22 ШІЛДЕ, 2023 ЖЫЛ №80 (23 256)

www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

МИНИСТРДІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Өндіріс орындарын аралап, тұрғындармен кездесті

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Марат Қарабаев Қарағанды облысында жұмыс сапарымен болды. Сапар барысында министр өңірдің тыныс-тіршілігімен танысып, тұрғындармен де кездесу өткізді.



Салтанат ІПНЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Марат Кәрімжанұлы алдымен Саған өндірістік аймағына ат басын тіреді. Бұл жерде рекордтық мерзімде, атап айтқанда небары 16 айда тұрғызылып, іске қосылған КамаТуресKZ ЖШС зауытының жұмысымен танысты.

Одан бөлек, министр Абайдағы «Стежок» ЖШС жұмысын да назардан тыс қалдырмай жатты. Бұл жерде аталған кәсіпорын директоры Нұрхан Жұмабековтің баяндамасын тыңдап, жұмыстарына баға берді.

Өңірімізге сапары барысында Марат Қарабаев облыстағы жол мәселесін де қозғап, атқарылып жатқан жұмыстарды көзбе-көз көрді. Соның бірі – «Абай-Қарабас-Жартас-Долинка» автокөлік жолының құрылысы. Аталған жолдың 17-38 шақырымына жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқан болатын.

«Шапағат» тұрғын-үй кешеніндегі үйдің құрылысы біраз жылдан бері тоқтап, «сақалды құрылыс» қатарына енген болатын. Бірақ, биыл сең қозғалып, құрылыс жұмыстары қайта жанданған еді. Марат

Кәрімжанұлы аталған нысанда болып, құрылыс сапасына да көңіл бөлгенін айту керек.

Ал, түстен кейін Марат Қарабаев Қарағанды қаласындағы «Достық үйінде» тұрғындармен кездесіп, сұрақтарына жауап берді. Кездесуде көтерілген мәселелер де әр түрлі. Қарағандылықтар министрге ауыз су, кәріз жүйесінен бастап, тұрғын үй, кадр мәселесі, облыстағы индустриялық аймақтарды дамыту мәселелеріне қатысты сұрақтарын қойды.

Марат Кәрімжанұлы тұрғындарды ашық әңгімеге тартып, көкейдегі сұрақтарын бүкпесіз айтуға шақырды. Тіпті, министр көпшілік алдында айтылмайтын мәселелері болса, жеке қабылдауға да уәде берді.


Сапар соңында Марат Қарабаев «Теміртау электрметаллургия комбинаты» АҚ комбинатына соғып, кәсіпорынның тыныс-тіршілігімен танысты.

Министрдің сапарынан жазылған келесі сәттегі сапарына зәметтің келесі санынан оқитын боласыздар.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Қазақ баласының IT-ге таласы бар

NEET-тің не екенін осы күні ежіктеп жату – артық. Десек те, елдің есіне сала кетсек. Оқу оқып, қарық қылмаған, жұмыс істеп жарытпаған, не өзіне, не өзгеге қара бақыр пайдасы жоқ жастарды әлем осылай атапты. Ал, NEET санатының «салмақ» жинауы – жеке адамға ғана емес, бүтін қоғамға кәдімгідей қауіп. Бұл жағымсыз жайтпен біз ғана емес, бүтін әлем бетпе-бет келгені көп жыл. Сондықтан да, әр ел өз қал-қадірінше қарекет қылып жатыр. Қазақстан да қарап отырған жоқ. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жастардың кәсіпсіз, құр қол қуырып жүрмеуі үшін Үкімет деңгейінде біраз бағдарлама мен жобаның дайындалуына тікелей түрткі болғаны мәлім.



РЕФОРМА –
ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР



Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Дүние жүзі білім мен ілімнің бәсе-кесіне түскенде жастарды жатыпшыр ма-сылдықтан арылттып, жағасы жайлаудағы жайбасарлықтан құтқаратын қадамдар жасалып-ақ жатыр. Оны мойындап қою – парыз. Елдің есінде болуы тиіс. Президент Жолдауында кәсіп қылғысы келген жастарға жеңілдетілген несие беруді Үкіметке тапсырған. Ол бағдарлама наурыздан бастап іске қосылды да. Бүгінде осы шағын несие арқылы бизнес бастаған жастар көбейіп келеді. Қарағанды аймағында да 2,5 пайыз несиемен кәсіпкер-

лікте жүрген нақты жастар бар.

Қарағанды облысында биыл дәл осындай 324 шағын несие беру көзделген. Бұл несиелерге 1,6 млрд.теңге көлемінде қаржы да қарастырылып қойылған. Бүгінгі таңда облыста 133 жас несие иеленді. Берілген қаржы көлемі 599,7 млн.теңге шамасында. Облыстың жұмыспен қамту-дүйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы баспасөз қызметінің мәлімдеуінше, жобалар – мал шаруашылығы, қызмет көрсету, сауда-саттық, өсімдік шаруашылығы, жеңіл өнеркәсіп бағытында. Шағын несие алған жастардың басым бөлігі – мал шаруашылығына ден қойыпты. Бұл бағытта несие алған жастардың ұзын саны 76 екен. Қызмет көрсету саласындағы жобаларды 41 жас

іске қосатын болады. 13 жас сауда-саттықты дамытады. Жеңіл өнеркәсіпте де бағын сынап көргісі келген екі жас бар екен. Өсімдік шаруашылығына қатысты жоба да келешекте жемісін береді.

Қызмет көрсету саласы дегенде, ол тек көпке мәлім қызметтер ғана емес. Өңірдегі өндіріс жастың IT технологияға да таласы бар.

Осы күні Қарағанды көлемінде көптеген жастың түрлі компьютерлік бағдарлама жасайтын қабілет-қарымын жалпақ жұрт біле бермеуі мүмкін. Бірақ, бағамдасақ, ақпаратты технологияның жілігін шағып, майын ішетін болашақ Джебс пен Шукербергтер арамьзда жүруі әбден кәдік.

► 6-бет

МӘСЕЛЕ

Бала қауіпсіздігі – басты мәселе

Жадырап жаз келгенде оқушылар үшін ең қызығы – лагерьдегі көңілді демалыс. Сауықтыру лагерьлері балалар үшін жақсы көңіл-күй сыйлауды, жазғы демалысын тиімді өткізуді мақсат етсе, енді бірі балалардың көңілінен шықпай, алып-ұшып келген көңіл су сепкендей басты. Әр жердегі лагерьлерде түрлі мәселелер шыға бастады. Мәселен, Алматыдағы сауна ғимаратына орналастырылған лагерьді естіген жұрт жағасы ұстады. Мұндай сұмдық жайтқа жол беретіндер бала көңілін неге ескермейді? Әрине, оның соңында сыбайлас жемқорлық қылтып тұр. Демалыстың лайықты да мазмұнды ұйымдастырылмағанына қоғам да наразылығын білдіріп жатыр. Ал, біздің өңірдегі лагерьлердің жай-күйі қалай?

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру және өткізу – қай кезде де маңызды мәселенің бірі. Қарағанды облысында жазғы лагерьлер өз жұмысын 5 маусымда бастады. Биыл облыста 10 қала сыртындағы лагерь санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің қорытындысымен жұмысын бастап, балалар демалысын қамтамасыз етуде. Онда 7 мыңнан аса бала демалады деп жоспарланған.

Өңірдегі 1 және 10 сынып аралығындағы оқушылар алты мемлекеттік ұйымда демалып жатыр. Оның қатарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау орталығының «Есіл» демалыс аймағы, «Таңшолпан» балалар үйінің «Жас дәурен» балалар сауықтыру лагерьі, Қарағанды қаласының № 2 өнер мектебінің «Салют» лагерьі және Ақтоғай ауданында орналасқан «Алау» лагерьі бар.

► 6-бет



РЕСМИ

Биометриялық деректер тіркелуі мүмкін

Елімізде «Байланыс қызметтерін көрсету қағидаларын бекіту туралы» бұйрыққа өзгерістер енгізу бағытында дайындық жүргізіліп жатыр. Ашық құқықтық актілер сайтына осы жұмысқа тиісті құжат жобасы жарияланыпты.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Онлайн ұялы байланыс қызметін көрсетуге келісім-шарт жасасу үшін олар қазақстандықтарға экран алдында өзінің биометриялық деректерін, бет бейнесін ұсынуды міндеттеді. Бұл жоба абоненттік нөмірді бөтен есімге тіркейтін қылмыскерлердің жолын кесу мақсатында енгізілгені отыр.

Аталған жоба 3 тамызға дейін қоғамдық талқылауда болады.

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин қазақстандықтардың ұялы телефон нөмірлерін биометриялық деректермен байланыстыруға болатынын бір жыл бұрын мәлімдеген.

«Ұялы телефонды тіркеу барысында биометриялық сәйкестендіруді жүргіземіз. Бір адамға нөмірлердің сомасы рәсімделеді, олар шетелге шығарылғанда алаяқтар сол арқылы алаяқтық әрекеттерді жасай бастайды. Бұған жол бермеу үшін қазір нормативтік құжаттарға қажетті өзгерістер енгізуіміз. Техникалық тұрғыдан дайынбыз. Көріп отырғаныңыздай, биометриялық сәйкестендіру барлық жерде қолданылады», – деді министр Бағдат Мусин.

Елімізде 2019 жылдың 1 қаңтарынан IMEI коды + SIM картасы + жеке ЖСН схемасы бойынша құрылғыларды міндетті тіркеу ережелері күшіне енгенін атап өткен жөн. Азаматтардың әр құрылғысы оған орнатылған SIM картасына автоматты түрде қосылады.

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 497.80

•USD/KZT 443.99

•RUB/KZT 4.89

•CNY/KZT 61.88

Қазақстан Ұлттық Банкінің 21 шілде, 2023 жылғы дерегі бойынша



• ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ

Қазына әлеуметтік салаға қарасады

Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың қатысуымен өткен облыстық мәслихаттың кезектен тыс IV сессиясында 2023 жылдың үшінші тоқсанына арналған бюджетті нақтылау мәселесі қаралды. Қосымша қаражат әлеуметтік салаға, кәсіпкерлікті, ауыл шаруашылығын қолдауға, қоғамдық қауіпсіздікке және экономиканың нақты секторына бағытталады.

Ерканат КЕНЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сессия жұмысының бекітілген регламенті шеңберінде алғашқы болып сөз алған облыстық қаржы басқармасының басшысы Людмила Башарина күн тәртібінде Қарағанды облыстық мәслихатының 2022 жылғы 8 желтоқсандағы XXI сессиясының «2023-2025 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» №271 шешіміне өзгерістер енгізу мәселесі хақында баяндады.

– Бүгін сіздердің назарларыңызға 2023 жылдың 3 тоқсанында облыстық бюджетті нақтылау бойынша материалдар ұсынылды. Енгізілген өзгерістер нормативтік-құқықтық актілер web-порталында онлайн талқылаудан өтті. Облыстық бюджет комиссиясының, әкімдік пен қоғамдық кеңес және облыстық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысында қаралды. Экономиканың нақты секторына 5,7 млрд. теңге бағытталды, – деп хабарлады Людмила Башарина.

Бұл қаржы жылумен жабдықтау объектілерін жөндеу мен салудың, сумен қамтудың, қалааралық әрі ішкі қатынастардағы жолаушылар тасымалын, теміржол тасымалы шығыстарын субсидиялаудың жалғасты жұмыстарына, коммуналды шаруашылықтың дамуына, автожолдарды қайта жаңартуға, тұрғын үй құрылысына, инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымына жұмсалды. Кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығын қолдау, минералды тыңайтқыштардың құнын субсидиялау саласында шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін өңірлік қаржыландыру шеңберінде несиелеу шығындары ескерілді.

Нақтыласақ, әлеуметтік салаға қазынадан бөлінетін қаражатының 36%-ы бағытталды. Яғни, 3,6 млрд.теңге. Бұл – өзінің еңбек қызметінің нәтижесінде қызметкерлердің материалдық мүддесіне бағытталған ынталандыру сыйлықақыларын төлеуге кететін шығындар, бірінші, екінші топтағы көмекке мұқтаж жалғызбасты мүмкіндігі шектеулі жан-дарға әлеуметтік көмектің қосымша түрлерін ұлғайтуға, облыстың шалғай ауылына жұмыс істеу үшін келген дәрігерді әлеуметтік қолдауды жалғастыруға, сондай-ақ, медицина қызметкерлерінің



жалақысы бойынша түзету коэффициентін арттыруға да бағытталады.

Орфандық аурулары бар науқастарды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге, мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін спорт түрлерін дамытуға, жөндеу жұмыстарын жүргізуге және денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығай-



орталықтарын ашу, төтенше жағдайлар департаментінің материалдық-техникалық базасын нығайтуға қамтыды. Депутаттар нақтылауды бірауыздан қолдады.

– Құрметті әріптестер, бүгін біз Қарағанды облысы әкімінің бастамасымен кезектен тыс сессия өткіздік. Біздің ойымызша, қарастырылған қазына қаржысы игі бастамаларға оң ықпал етеді. Өткен жылы Мемлекет басшысының Қарағандыға сапары барысында жергілікті қоғамдық кеңестерді оңтайлы әрі әділ негізде қалыптастыруға қатысты мәселе қойғаны баршаға мәлім. Қоғамдық кеңеске елдің мұң-мұқтажын ойлап, толғанатын тұлғаның мүше болуы сіз бен біздің өміріміздегі түйткілді сұрақтардың шешілуіне ықпал етеді. Кәріз жүйесін қадағалау өте маңызды, өйткені, халық жылусыз, суыс қалса, белгілі бір уақыт шыдам ете алады. Ал, кәріз жүйесі істен шықса, қаланың тіршілігі тұтасымен кідіруі мүмкін, – деп ой қосты депутат Ермек Әбділін.

Өңір басшысы халық қалаулыларына бірлескен жұмысы үшін ақжарма алғысын білдірді.

– Соңғы екі жыл мұғдарында қалалық бюджет есебінен нөсерлі кәріздерді және коллекторлардың өзін тазартуға белгілі бір сомадағы қаражат бөлуге бастамашы болдық. Иә, жекелеген мәселелер бар. Біз бұл ауқымды мәселені Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігімен жан-жақты тағы бір рет пысықтайтын боламыз. Қазірдің өзінде кейбір жобаларды дайындау құжаттарын құзыретті мекемелер сараптау үстінде. Бюджет әлеуметтік салаға көбірек бағытталғанын көріп отырсыздар. 1 шілденен бастап, қолданыста болған ынталандырушы үстемесіне біз шамамен 2 млрд. теңге қарастырдық. Шұғыл шешімді қажет ететін мәселелер бар. Ол мектептер, ауруханалар, әлеуметтік сала объектілерін техникалық жақтандыру мен жөндеу, жылыту маусымына дайындық, – деп атап өтті Ермағанбет Бөлекпаев.

• ӨРТ - ТІЛСІЗ ЖАУ

Шетте жағдай тұрақты

Шет ауданының 3 ауылдық округінде, атап айтқанда Талды, Ақшоқы, Ақсу-Аюлыда 21 шілдеде төтенше жағдай жарияланды. Аудан әкімінің орынбасары Дәурен Кәрсенбаев мұндай шара сақтық үшін қабылданғанын айтты. Оның мәлімдеуінше, бүгінгі таңда өрт толығымен ауыздықталған. Желдің өртті көтеріп кету қаупі бар. Сондықтан, ауданда 24 сағат бойы кезекшілік қойылған.

Салтанат ІПІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Өрт ошағы таулы аймақта әрі күшті желдің салдарынан өрт өрши түсті. Сақтық үшін ауданның 3 елді мекенінде төтенше жағдай жарияланды. Бүгінгі таңда өрт толығымен сөндірілді. Соған қарамастан, өрт сөндіру үшін жұмылдырылған 13 техникамен 82 өрт сөндіруші, 8 техникамен 23 орман шаруашылығының қызметкері, еріктілер мен әкімдік қызметкерлері 24 сағат бойы кезекшілікке қойылды. Тұтану ошақтарының алдын алу үшін бақылау қатаң, – дейді Дәурен Құралбекұлы.



Аудан әкімінің орынбасары мұндай шара өрт қаупі бар жерлерді тексеру үшін қабылданғанын жеткізді. Белгілі болғандай, елді мекендер мен тұрғындарға ешқандай қауіп жоқ.

– Өрт сөндірушілер, орман шаруашылығының қызметкерлері, еріктілер өрт ошақтарында кезекшілікте. Үш аймақты орталықтандырылған штабтың толық қадағалауында. Тоғайлы жерлерді орман шаруашылығының қызметкерлері, таулы аймақты өрт сөндіру қызметкерлері, ал, елді мекендер мен жазық аймақтарды еріктілер бақылауда ұстап отыр, – дейді Дәурен Кәрсенбаев.

Нақты қанша гектар жер өртенгені жағдай тұрақтанған соң белгілі болады.



• ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА!

Қозғалыс бағыты өзгерді

Қарағандының орталық көшелерінің бірінде қозғалыс бағыты өзгертілді.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»



Енді жүргізушілерге Бұқар жырау даңғылынан Сәкен Сейфуллин атындағы облыстық академиялық қазақ-драма театрының сол қапталындағы жолға бұрылуға болмайды.

– Жобаға сәйкес, Бұқар жырау даңғылымен Чкалов көшесіне қарай бағыт алған көліктердің драма театрының алдында солға бұрылуына тыйым салынады және Абай көшесінің қиылысында бағдаршам алдында жеке жолақта бұрылыс ұйымдастырылады.

Бұл шаралар Бұқар жырау даңғылы бойынша тікелей бағыт бойынша жолдың өткізу қабілетін арттыру мақсатында қабылданды, – деп хабарлайды ведомства.

• БАСПАСӨЗ ТУРЫ

Құбыр тозып, апат жиілеп тұр

Өткен аптада Теміртауды ауызумен қамтамасыз етіп отырған негізгі желінің құбыры жарылып, бүгін бір шаһар тіршілік нәрісіз қалған еді. Жауаптылардың түсініктемесіне сүйенсек, Қарағандыдан тартылған каналдың 90%-ы тозып. Қазір шіріген бөліктері алмастырылуда. Жұмыс барысын біз де көріп қайттық.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл канал 1981 жылы іске қосылған. Содан бері жөндеу көрмеді. Жергілікті билік өкілдерінің өзі осылай деп отыр. Талап бойынша, желі әр 10 жылда жаңартылуы керек екен. Бірақ, пайдалануға берілгеннен бері ешқандай жөндеу көрмеген. Шіріп, әбден тозып тұр. Бір жылда 500-ден астам апат болыпты. Сала мамандары «Желі толығымен жаңартылмаса, апат жыл сайын, бірінен соң бірі қайталануы мүмкін» дейді. Ал, тұтастай жаңартуға шамамен 10 миллиард теңгеден астам қаражат қажет. Биыл 5 шақырымы алмастырылуда. Соның өзіне 555 миллион теңге бөлінді. Биылғы жылдың басты мақсаты – күзге дейін үлгеру.

Апаттан кейін Теміртауға ауызсу кестемен берілуде. Таңертең және кешке. «Берілгеннің өзінде сыздықтап ағады. Таң атпай бөшекелер мен құтыларға су толтырып әлектіз. Ал, шомылу үшін мүмкіндік туған бетте маңайдағы жағажайға жөнелеміз» дейді шаһар тұрғыны Дарья Винокурова. Өйткені, қосалқы резервуарда қажетті деңгейде су жиналмайды екен. Мысалы, бір резервуардағы тіршілік нәрінің деңгейі қалыпты жағдайда 4 метрге жетуі керек. Төтенше жағдайдан кейін 2 метрге көтерудің өзі бейнетке айналған. Сәтбаев каналынан бөлек, теміртау-

лықтарға тіршілік нәрі іргедегі су қоймасынан беріледі. Бірақ, қордың басым бөлігі металлургиялық комбинатқа жұмсалып екен. Тапшылықты жоюға қауқары жоқ.

Өмірлік маңызы бар су құбыры 2015 жылға дейін «АрселлорМиттал Теміртау» компаниясының иелігінде болыпты. Ал, өңірдегі ірі өндіріс компаниясы 35 жыл ішінде желіні жаңартуға құлық танытпаған. 2015 жылдан кейін ғана тіршілік нәрінің арнасы қала әкімдігінің еншісіне өткен. Әкімдік те әрекеттенбеген.

– Неге осы уақытқа дейін шаруа жасалмады?, – деген сұраққа былтыр ғана тағайындалған әкім Ораз Тәуірбеков жауап бере алмады.

– Биыл, ең апатты деген құбырларды алмастырамыз. Қазір жұмыс қарқынды жүріп жатыр. Қажетті техникаларды, мамандарды жұмылдырдық. Шағымдар өте көп. Қала тұрғындарына жағдайдың себептері туралы хабарладық, – делі қала басшысы.

Әкімнің сөзінше 27 шақырымдық желіні биыл толықтай жаңартуға уақыт жетпейді. Оның үстіне, жобалық-сметалық құжаттар әзір емес. Бірақ, келесі жылы кешенді жоспарлар жаңарту жұмыстарын бастамақ.

Ақауды жою үшін темірбетон, болат және шойыннан жасалған әртүрлі диаметрдегі құрылыс материалдары төселуде.



• СЕНАТ ДЕПУТАТЫНЫҢ ӨНІРГЕ ЖҰМЫС САПАРЫ

«Ел сенімі бізге – аманат»

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Серік Өтешов Қарағанды облысына жұмыс сапары барысында Осакаров ауданы мен Теміртаудың жұртшылығымен кездесті. Байыпты диалог барысында тараптар ауыл тұрғындарының өмірін жақсартуға, жергілікті ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдауға қатысты бірқатар өзекті мәселелерді талқылап, маңызды әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруды қарастырды. Сенатор металлургия мекенін дамыту басымдықтары, отандық бизнес-құрылымдарды нығайтуға жәрдемдесуге арналған қажетті заңнамалық құжаттарға өзгерістер енгізу қажеттілігі туралы тұрғындардың ұжым-жігірлерін тыңдады.

Ерқанат КЕНЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өзгерістің бәрі ертең үшін

Облыстың негізгі астық егетін өңірлерінің біріне еліміздің жоғары заң шығарушы органының өкілі сейсенбіде жұмыс сапарымен келгендігін бұқаралық ақпарат құралдары жарыса жазып үлгерген. Мұнда ол жергілікті аграрлық сектор өкілдерімен, сондай-ақ, Осакаров аудандық мәслихатындағы әріптестерімен, қоғам белсенділерімен, үкіметтік емес ұйымдар мүшелерімен, ардагерлер кеңесі мен ел ақсақалдарымен жүздесті. Серік Балғатайұлы жиналғандарға елде болып жатқан ауқымды өзгерістер туралы, сондай-ақ VIII сайланған парламентшілердің қызметі туралы кеңінен баяндады.

– Өздеріңізге аян, білгір жалпы республикалық референдум өтті. Онда халық Қазақстан Республикасы Конституциясына елеулі өзгерістер енгізуді мақұлдады. Онан соң, Президент сайлауы, Сенат пен Мәжіліс сайлауы өткен еді. Өңір бізге нық сенім білдірді. Өз кезегімізде Қазақстан Республикасы Парламентінің жоғарғы палатасында облыс атынан өкілдік ете жүріп, кенді өңірдің мүддесін тиісті деңгейде қорғау, қарағандылықтардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін барлық қолжетімді шараларды уақыттылы қабылдау қажет деп санаймын, – деп атап өтті сенатор.

Алар асу, бағындырар белес

Серік Өтешовтың пайымдауынша, отандық заңдарды қабылдауға жауапты парламентшілердің басты міндеті – бірінші кезекте өңірлерді дамытуға бағытталған нақты әрі тиімді көмек көрсету. Сенатор жұмыс сапары барысында Осакаровтан өзге ірі агромеркәсіптік көрсеткіштерін қамтамасыз ететін Нұра және Абай аудандарына да баруға ниетті екендігін айтқан болатын.

– Мемлекет басшысы ел дамуының басты драйверлерінің бірі – ауыл шаруашылығы екенін бірнеше рет атап өтті. Бұл тұрасында біз әрбір сессияда, парламенттік сағаттарда айтудан жалықпаймыз. Жұмыс бабымен Ауыл шаруашылығы министрлігі өкілдерінің баяндамалары мен ұсыныстарын жиі тыңдаймыз. Жанар-жағармаймен қамтамасыз ету, субсидиялар, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді тиімді пайдалану туралы нақты ұсынымдарымызды алға тартамыз. Қазіргі уақытта мемлекет ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдау бойынша

белсенді шаралар легін қабылдауда. Алайда, бұл бағытта қауарлық мәселе де жеткілікті. Менің ойымша, күн тәртібіндегі сұрақтарды бірлесіп шешу өте маңызды. Яғни, менің сапарымның мақсаты – Сенат депутаттары заңнамалық деңгейде тағы немен көмектесе алатынын біліп, жергілікті жерлерде мемлекеттік бағдарламаларды орындауда іс жүзінде қандай жағдай қалыптасып жатқанын өз көзімен көру, – деді Серік Балғатайұлы.

VIII сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары қызметінің жартыжылдық кезеңінде қоғам үшін мәні зор бірқатар заңдар қабылданды. Мәселен, «Заңсыз сатып алынған активтерді мемлекетке қайтару туралы» заң жобасы кеңінен талқыланған құжат. Ол елге Қазақстан аумағында да, одан тыс жерлерде де заңсыз пайдаға кенелген капиталды қайтаруға мүмкіндік береді. Мұнымен қоса, сенаторлар өз жерлерін шаруашылық айналымға біртіндеп қайтару мүмкіндігін жасау үшін бұрынғы полигон аумағын оңалту мақсатында құрылатын «Семей

дамыту бойынша жүйелі жұмыс жоспарлануда. Бюджет және Салық кодекстеріне, Мемлекеттік сатып алу туралы ережеге өзгерістер даярлануда. Жалпы, сенатор өзі атап өткендей, жаңа шақырылымның жоғарғы палатасы 25 заңнамалық актіні мақұлдап, оның 11-не тікелей депутаттар бастамашылық еткен. Серік Өтешов парламентшілердің қызметі облыстық және аудандық мәслихаттардағы әріптестерімен тығыз қарым-қатынаста жүзеге асырылып жатқанын жеткізді. Атап айтқанда, Сенатта Қазақстан өңірлерін дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеумен айналысатын «Өңір» депутаттық тобы құрылды.

– Облыстық мәслихаттың хатшысы қызметін бес жарым жыл атқардым. Қарағанды облысының өзіндік ерекшеліктерін, өзекті мәселелерін жете түсінемін. Қазіргі уақытта бұл лауазымда – Нұркен Сайфидинұлы Қобжанов. Ол – кадрлі әріптесімді, тәжірибелі жан. Біз қазіргі уақытта саңдаған мәнді мәселелер төңірегінде тығыз қарым-қатынас орнатып, қажетті кез-



жайттар турасында төраға Қанат Саққұлаков бастаған Осакаров аудандық мәслихатының депутаттары мен жергілікті қоғам қайраткерлері кеңінен баян етті. Атап айтқанда, аудан орталығының тұрғындары келесі жылы пайда болатын жүзу бассейнінің тағдырына алаңдаушылық білдіретінін жасырмады. Жобаның жыл сайын қымбаттауына байланысты оны іске асыру қазіргі уақытта тоқтатылды, қаржылық құжаттарды түзету қажет. Жетім балаларды тұрғын үймен қамтамасыз ету, мектептегі оқушыларды тамақтандыру, әрі жасөспірімдерді білім беру мекемелеріне кентішілік тасымалдау

кізушілерден сатып алу ұсынылатын көрінеді. «Ірі шаруашылықтар жанармай таситын көліктермен тасымалдауға мүмкіндігі бар, ал шағын субъектілер үшін бұл тиімдірек», – деп бөлісті Осакаров ауданы бойынша Қазақстан фермерлер қауымдастығының өңірлік өкілі Ерлан Оспанов. Бұдан бөлек келелі кездесу барысында мемлекеттік сатып алуды сандық форматқа көшіру, тұз тағысы ақбөкен үйірінің елді мекендерді ауық-ауық манайлауы сынды өзекті жайттар сөз етілді. Сенатор Серік Өтешов барлық үндеу мен ұсынысты мұқият қарастырып, зерделеуге уәде берді.

– Депутаттық өкілеттіктер қатарында тиісінше сауалды бейінді мемлекеттік органға, яғни, министрліктер мен ведомстволарға жіберу мүмкіндігі бар екені мағұлым. Біз өңірлердегі әріптестермен тығыз ынтымақтастықта жұмыс жасай отырып, қажетті түсініктемелер талап етіміз, оны пысықтаймыз. Қайталап айтамын, біздің негізгі міндетіміз – қолданыстағы мемлекеттік бағдарламаларды, оның ішінде, кәсіпкерлер мен ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдауға қатысты ілкімді істерді тиімді жүзеге асыру. Тіпті, қажет болған жағдайда қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен түзетулер енгізу туралы мәселені қоямыз, – деп сендірді сенатор.

Сол күні Серік Өтешов түрлі шығармашылық үйірмелер мен секциялар, баламалы энергетика, робототехника және 3D модельдеу зертханалары, «Жас инженер» студиясы орналасқан «Жастар» балалар-жасөспірімдер орталығына ат басын бұрды. Өрі «Сарыөл Нан» ЖШС ауыл шаруашылығы кәсіпорнының қызметімен танысты.

Мүдде: үйлестік пен үндестік

Теміртауда Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Серік Өтешовтың жұртшылықпен кездесуі әкімдіктің үлкен зальында өтті. Онда ол тұрғындардың сұрақтары мен ұсыныстарын тыңдады.

– Біз бизнес өкілдері ретінде Сізден мемлекеттік деңгейде ше-

телдік қарталарды пайдаланғаны үшін пайыз алу мәселесін көтеріңізді сұраймыз. Бұл ақша елден кетеді, ал, төлем жүйесі мемлекетіміздің пайдасына жұмыс істеуі тиіс, – деді Теміртау қоғамдық кеңесінің мүшесі Марина Бошель сенаторға.

Сонымен қатар, сенатордан балалары стационарлық ем алып жатқан ата-аналарды тамақтандыру мәселесін заңнамалық деңгейде қарастыруды өтінді. Кішкентай қазақстандықтардың өз үйлерінде емес, басқа қалаларда да медициналық көмек алуы жиі кездеседі.

– Біз сіздердің ұсыныстарыңызды қарастырып, тиісті қорытынды шағаратын боламыз. Мәселе – ауқымды. Сондықтан, алдымен нақты тұжырымдалуы тиіс. Ал, егер заңнамаға өзгерістер енгізу туралы айтар болсақ, онда тиісті ережелерді, қаулыларды және басқа да нормативтік-құқықтық актілерді зерделеу қажет, – деп түсіндірді Серік Өтешов.

Кездесуге қатысушылар жылу магистральдық желілерді жөндеу, мемлекеттік мекемелердегі құрылыс-монтаж жұмыстары мен қаланы абаттандыру мәселелерін талқылады. Бұл жұмыстардың барлығын, қоғам белсенділерінің пікірінше, тендерлік жүйені жокқа шығарып, жергілікті фирмалар мен кәсіпорындар орындауы керек. Өйткені, осы қадамдар уақыттан ұтып, мердігерлердің жосықсыз әрекеттерін шектейді.

Теміртау тұрғындары сенатордан қаланың экологиялық проблемаларына назар аударуды сұрады. Олардың айтуынша, металлургия зауытының зиянды шығарындылары халықты алаңдатпай қоймайды.

Келелі кездесу екі сағаттан астам уақытқа созылды. Ұтымды ұсыныстар мен сауалдар жолданған жыны соңында сенатор Серік Өтешов қатысушыларға белсенді азаматтық ұстанымы үшін риясыз алғысын білдірді. Ол Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары аталған мәселелер легін парламенттік демалыстан кейін қарауға ниетті екенін атап өтті.

ҚАРАҒАНДЫ – ОСАКАРОВ – ТЕМІРТАУ – ҚАРАҒАНДЫ



ядролық қауіпсіздік аймағы туралы» онлайн-платформалар мен онлайн-жарнамаға (халықты жалған ақпараттан қорғауға бағытталған) қатысты заң жобаларын мұқият зерделеп, мақұлдады. Елді мекендерде электр самокат тебуде жол қауіпсіздік ережелеріне өзгерістер енгізіліп, бұл көлік құралдары жүргізушілерінің де, жаяу жүргіншілердің де жазатайым оқиғаларын едәуір төмендетуге тиіс.

25 заңнама мақұлданды

Агромеркәсіптік секторды қолдау шараларын кеңейту, жергілікті өзін-өзі басқару органдарын

де келелі кеңес беруден аянбаймыз, – деп түсіндірді Серік Балғатайұлы.

– Мемлекет басшысы өңірлік саясатты жетілдіруге, облыстардың әлеуетін көтеруге, бәсекеге қабілеттілігін нығайтуға ерекше назар аударды. Сондықтан, парламентшілер бізге үнемі келіп тұрады. Енді Сенат депутатына тікелей хабарласып, өзіндік толғандыратын сауалыңызды жолдауға мүмкіндігіңіз бар, – деп атап өтті Нұркен Қобжанов.

Ауыл неге алаң?


Ауыл тұрғындарының алдында кесе көлденең тұрған көкейкесті

тақырыбы назардан тыс қалмады. Әсіресе, ауыл тұрғындары жайылымдық жерлерді кеңейту бойынша жұмысты жалғастыру қажеттігін ерекше атап өтті.

Өз кезегінде жергілікті фермерлер кейбір жағдайларда мемлекеттік органдардың жұмысына ресми көзқарас бар екенін айтты. Нақтыласақ, делдалдардың қолынан өтіп, егін жинау науқаны кезінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге өте қажет арзандатылған дизель отыны айтарлықтай «қолдан» қымбаттайды. Бұдан басқа, жанар-жағармайдың қажетті көлемін облыс орталығында жет-

басқа үйірмелер бар.

– Мемлекет барлық жастағы тұрғындарды спортқа тарту үшін қолайлы жағдай жасауда. Бүгінгі таңда қала тұрғындары спортпен жүйелі түрде айналысады. Президент спорт нысандарын салу туралы тапсырма берген болатын. Осы орайда, жергілікті әкімдіктермен бірге, салынатын жобалардың бәрі мақұлданды. Соның нәтижесінде, шағын шаһарда спорттық нысан бой көтеруде. Мұнда балалар спортпен тегін шұғылданады. Кешенде жаттыққан жастар алдағы уақытта белгілі спортшыға айналып, еліміздің абыройын асқаттатынына сенімдімін, – дейді Приозерск қаласының кәсіпкер-



РЕФОРМА – ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Спорт кешені бой көтереді

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасын іске асыру барысында тұрғындардың базалық қызметтерге тең қолжетімділігін қамтамасыз ету, тұрғын үй-коммуналдық жағдайды әрі көлік байланысын жақсарту, сондай-ақ, елдің транзиттік әлеуетін және халықтың мобильділігін арттыруға тапсырма берген болатын. Нәтижесінде тұрғындарды ауыз сумен қамтамасыз ету, шағын қалаларда инженерлік және көлік инфрақұрылымын жақсарту және уақытша жұмыс орындарын құруды басты назарға алды. Әр аулада спортпен айналысуға мүмкіндік жасауды міндеттеген-тін. Ел тұрғындарының саламатты өмір салтын ұстанып, бұқаралық спортты дамытуға айрықша мән беруі қажеттігін атады.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінде Президент тапсырмасы бойынша Приозерск қаласында дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы басталып кетті. Жоба спортты дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асырылууда. Нысан күніне 519 адамды қабылдауға мүмкіндігі бар. Көрермен орнының саны – 210. Жалпы ауданы – 2 441 шаршы метр. Фигурат 2 қабаттан және 2 блоктан тұрады. Жоба 2024 жылы аяқталады.

Қазіргі таңда іргетасы мен 2-қабатының қабырғасы кірпішпен қаланып, толық аяқталды. Жұмыс жобасының



лік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Ахан Жүсіпов.

Бөлім басшысының айтуынша, алдағы уақытта «Воркаут» спорт алаңы және 25 автокөлікке арналған автотұрақ салынады. Сонымен қатар, туризмді дамыту мақсатында жағажайлар аймақтарға бөлініп, демалыс орындарын, қонақ үйлер, профилактория салу жоспарланып отыр. Заңға сәйкес кәсіпкерлікке арналған жер телімдері аукционға қойылады. 2023-2026 жылдар аралығында кәсіпкерлер 10-нан аса жобаны жүзеге асырады. Бұл өз кезегінде қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсер етеді.

ПРИОЗЕРСК



Агроөнеркәсіп өрісі кеңейеді

«Ауыл шаруашылығын дамытпай, бәсекеге қабілетті экономика құру мүмкін емес. Бұл салада шешімін таппай келе жатқан өзекті мәселелер бар. Атап айтқанда, жұрттың жерге қол жеткізе алмауы, ұзақ мерзімге берілетін «арзан несие» болмауы, кәсіби мамандардың тапшылығы. Өнімділікті арттырып, шикізат өндірумен ғана шектелмеу үшін, сондай-ақ, қойма және қолік инфрақұрылымын дамыту мақсатында шұғыл шаралар қабылдау керек. Елімізде ет, жеміс-жидек, көкөніс, қант, бидай, майлы дақылдар, сүт өнімдерін өндіру және өңдеу үшін 7 ірі экожүйе қалыптастыруға болады. Балық шаруашылығына да ерекше мән берген жөн» деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев. Парламент палаталарының бірлескен отырысында. Қазақстандықтарға Жолдау жасап, агроөнеркәсіп кешенінің өзегі саналатын ірі жобаларды жүзеге асыруға баса назар аударды. Осы орайда, аймақта ауыл шаруашылығы саласын инвестициялық жобалар есебінен дамытуда ілкімді шаралар жүзеге асып жатыр. Аймақта инвестициялық жобалардың «2023-2026 жылдарға арналған жол картасы» жасалып, 160 млрд. теңге сомасындағы 67 жобаны жүзеге асыру жоспарлануда.

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Үш жылға – 67 жоба

Ауыл шаруашылығы саласын дамыту, түрлендіру, бағдарламаларды тиімді пайдалану арқылы мал басын арттыру, өнім өндіру, дөңді дақылдарды өсіру мен өңдеу жұмыстарын жүзеге асыру – міндет. Бұл міндет алдағы үш жылдықта 1867 жаңа жұмыс орнын қамтамасыз етеді.

Жол картасында мал шаруашылығына басымдық берілген. Жалпы құны 42,5 млрд. теңге болатын 30 жоба бар. Осы жобалар арқылы 1350 жұмыс орны ашылады. Өсімдік шаруашылығында 29 тың жобаны іске асыруға 73,6 млрд. теңге қарастырылуда. Онда 376 жаңа жұмыс орны ашылады. Үшжылдық картада қайта өңдеу саласы да қамтылған. Бұл бағытта 73,6 млрд. теңгенің 8 жобасы бар.

Аймақта мал басының өсіп, егін алқабының көлемі артқан. Сәйкесінше, ауыл шаруашылығы саласына тартылған инвестиция көлемі де ұлғайған.

Бүгінде 2,9 млрд. теңге сомасындағы 8 жоба жүзеге асырылды. Оның ішінде, 1,9 млрд. теңгені құрайтын 21 мың тонналық 2 ірі картоп сақтау қоймасы салынды. Бұл – Бұқар жырау ауданындағы құны 1 млрд. болатын «Лайф Актив» ЖШС. Қойманың сыйымдылығы – 7600 тонна. Екіншісі – Шет ауданындағы құны 900 млн. теңге 13 400 тонналық «Шерубай Су» ЖШС-не тиесілі. Нұра ауданында 120 басқа арналған асыл тұқымды репродуктор бойынша 2 жоба қолға алынды. Құны 50,7 млн. теңге. Бұқар жырау ауданында құны 750 млн.теңгені құрайтын суармалы жерлерді қалпына келтіру бойынша 2 жоба. Ақтоғайда құны 82 млн. теңге, өнімділігі тәулігіне 1200 литр қымыз өндіретін цех, Абайда құны 130,0 млн.теңгені құрайтын суармалы жерлерді қалпына келтіру жобасы жүзеге асты.

Аймақта

«ақылды ферма» бар

Ақтоғай ауданы, Сарытерек ауылындағы қымыз өндіретін «SAQ NS» шаруашылығын «ақылды ферма» десе де болады. Тәулігіне 1 тонна 200 литр қымыз алуды межелеген шаруашылықтың жоспары – жүйелі, мақсаты – айқын.

– Жобаны қолға алып, іске қосқанымызға бір жыл болды. Отбасылық кәсіп деп айтуға болады. Жобаның 45% инвестициясы өзімізден, қалғанын «Атрарлық несие корпорациясынан» 10 жылға 7%-бен несие алдық. Бұл мемлекет тарапынан жасалған тиімді қолдау. Шаруашылық толығымен автоматтандырылған. Биені сауу, күбіге бару, одан кейінгі жуып-жаю процесстері неміс технологиясының негізінде цифрлы түрде жүзеге асады. Яғни, артық еңбек күші де қажет емес, әрі уақытқа үнем. Бес адамды жұмыспен қамтыдық. Шаруашылықты одан әрі дамытуға арнайы бес жылдық жоспар құрылған. Басты мақсат – өзіміз өндірген ауыл шаруашылық өнімдерін ешқандай делдалсыз саудалау. Бүгінде қымыз арнайы сайт арқылы саудаға шықты. Түскен табысқа көңіл толады. Сонымен қатар, қымыз өндірудегі жежені арттыру мақсатында жергілікті тұрғындардың да биелерін сауып, сатып алуды жолға қойғалы отырмыз, – дейді шаруашылық басшысы Нұрым Мұхамедиев.

«Саусақ бірікпей, ине ілікпейді»

Ауыл шаруашылық саласын кешенді дамытудағы тиімді жобаның бірі – кооперация құру. Өлместің күнін кешіп келе жатқан жеке ұсақ шаруашылықтар бірігіп, бірлесе өнім өндіруі қажет. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев аталмыш саладағы қабілетсіздік пен импортқа тәуелділіктен арыла алмай отырғандығымызды айтты. Бұл мәселені шешудің бір-ақ жолы – бірлесе өнім өндіруде қарастырылатын мүмкіндіктерді көбейту, кооператив құруға басымдық беру.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету әрі өңдеу өнеркәсібін, дамыту, отандық сапалы, табиғи таза өнім көлемін арттыру мақсатында аймақта – 2017-2018 жылдары 87 ауыл шаруашылығы кооперативі құрылды. Оның 43-і етті, 41-і – сүтті бағытта. Бүгінде солардың нақты жұмыс істеп тұрғаны – 36. Оның 20-сы – етті, 16-сы – сүтті бағытта. «Ортақ өгізден, оңаша бұзау артық» деп түсінген шаруашылықтар кооператив құрамынан шығып кеткен. Қарқаралы ауданында 2017 жылы құрылған




«Ақбұлақ Агро» кооперативі



«Шерубай Су» ЖШС-ның картоп алкабы


Инвестициялық жобалардың жол картасы (2023-2026 жылдар аралығында)



«Ақбұлақ Агро» кооперативі жұмысы жүйелі жолға қойылған. «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қорынан» алған 53 млн. теңге несиемен жауып, алдағы уақытта ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуге ниеттеніп отыр.

– Кооперативтің тиімділігі зор. Ұжымдасып еңбектенгеннің арқасында ауыл тұрғындарының әлеуметтік мәселелері де онынан шешіліп жатты. Сүтті жинап, тапсырудан табыс түсетініне көзі жеткен ауыл адамдары мал өсіруге бет бұрды. Ауылда сүтті бағыттағы сауын сиырлар көбейді. Жеті жылдан бері теміртаулық «Рен Милк» сүт фабрикасымен келісім бар. Кооперативтің тағы бір мүмкіндігі – жайылымдық жер алуға да жеңілдік. Яғни, бос жер учаскелерін конкурсыз, комиссияның шешімімен қол жеткізе алады. Ендігі

Инвестиция (млрд)



• КҮРЕТАМЫР

Теміржол торабы жөнделді

Бүгінде «Мойынты – Қарағанды – Астана» учаскесінде жолды жөндеу жұмыстары толығымен аяқталған. Мұнда кешенді жөндеу екі жарым ай бойы жүргізілді. Жұмыстың ауқымды бөлігі атқарылды.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Қазақстан теміржолы» ұлттық компаниясының баспасөз қызметі бірінші жартыжылдық қорытындысы бойынша шамамен 600 шақырым теміржол жөнделгені мәлімдеді. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 100 шақырымға артық. Магистральдық желіде белсенді жөндеу жұмыстары әлі де жалғасып жатыр.

76 шақырым жол бойында ластанған балласты терең тазарту амалдары жүргізілді. Мұнымен қатар, 78 мың ескі темірбетон шпалдары ауыстырылып, бағыттамалық бұрмалардың 22 жиынтығы төселген. Бұдан бөлек, рельс бұнақтарының тұтастығы бойынша 457 орын қалпына келтірілді. Арнайы машиналарды қолдана отырып, 116 шақырым жолға түзету жұмыстары жүргізілді. «Жыл соңына дейін барлығы 1 126 шақырым теміржол магистралын жөндеу жоспарланды» деп хабарлады ұлттық компания өкілдері.

Айта кетелік, Ұлттық тасымалдаушы мәртебесіне ие компания соңғы жылдары сервистік қызметті айтарлықтай дамыту-



мақсатымыз – «Ауыл аманаты» бағдарламасы арқылы жеңілдетілген несиеге қол жеткізу. Құжаттар тапсырылды, мақұлданып күтіп отырмыз. Егер бұл жүзеге асса, сүт өңдеп, экологиялық таза өнімдер шығаратын цех ашу – келер жылдың еншісінде, – дейді кооператив басшысы Жансая Сланбекова.

Жоспар – анық, мақсат – айқын

Агроөнеркәсіптік ірі инвестициялық жобалар топтасқан жол картасының әр жылдарда жүзеге асуы тиіс жоспарлары да ауқымды. Атап айтқанда, биыл 25 инвестициялық жоба, оның ішінде, мал шаруашылығына қатысты – 10, өсімдік шаруашылығына – 3, қайта өңдеу са-

да. Жолаушыға тек пойызбен шектелмей, ел ішінде жүріп-тұрудың оңтайлы маршруттарын таңдауға мүмкіндік беретін «Интермодальды тасымалдау» жобасын дамыту – компанияның басым міндеттерінің бірі. «Жолаушылар тасымалы» АҚ тарапынан ұсынылып отырған төрт интермодальдық қызметтің бірі «Қайта отырғызып жеткізу» онлайн-сервисі. Ағымдағы жылдың басынан бері жолаушылар аталған жүйе арқылы 5 000 астам билет ресімдеді. Бұл жүйе ыңғайлы сапар ұсыну және уақытты үнемдеу мақсатында жолаушыға пойыздан пойызға ауыса отырып, жеделі жерге дейін жол жүрудің мүмкін нұсқаларын таңдайды.



Отбасылық картаның орасан мүмкіндігі

Отбасының цифрлық картасы қазақстандықтарға мемлекеттік қызметтерді алуды жеңілдетті. Яғни, отбасының цифрлық картасы аясында қазақстандықтар, әлеуметтік-еңбек саласында өзіне тиесілі мемлекеттік қызметтерді проактивті түрде алып, оның оң әсерімен бөлісуде.

Отбасының цифрлық картасы мемлекеттік органдардың барлық қолданыстағы ақпараттық жүйелерінің деректері негізінде қалыптасқан. Бүгінгі таңда жүйеде 19,7 млн-нан астам еліміздің азаматтарының немесе 6 млн-нан астам отбасы туралы ақпарат жинақталған.

Азаматтар қандай да бір өмірлік қиын жағдайға тап болған кезде олардың базада тіркелген ұялы нөмірлеріне тиесілі қолдау шарасы көрсетілген SMS хабарлама жіберіліп, оған бірден жауап беру арқылы қызмет алу уақытын едәуір қысқарта алады. Ал, өтімді рәсімдеу үшін ХҚКО немесе басқа мекемеге жүгінудің қажеті болмайды.

Жыл басынан бері 453 мыңнан астам хабарлама жолданып, оларға 180 мыңнан астам адам өтінісі өз төлемдерін және жәрдемқаларын алды.

Айта кету керек, осы немесе өзге де мемлекеттік қызметті проактивті алуға мүмкіндік беретін SMS-тен басқа, ОЦК көмегімен зейнеткерлік жасына жетпей 2 ай бұрын зейнетақы төлемдерін алу мүмкіндігі туралы, берілген «қандай» мәртебесінің аяқталу мерзімі туралы, сондай-ақ, жұмыссыздарға жұмыс іздеу, тегін оқудан өту мүмкіндіктері және жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік қолдаудың басқа да шаралары туралы автоматты хабарламалар тетігі іске асырылды.

Қарақат ҚҰРМАШЕВА,
Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-дің
II курс студенті

• САЛАМАТТЫ ҚАЗАҚСТАН

«Медициналық пойыз» – мүмкіндік


«Саламатты Қазақстан» медициналық пойызы жақында Нұра ауданында болып қайтты. Пойыз жолы бар Шұбаркөл кентінің тұрғындары ғана емес, сонымен бірге, Баршын, Тікенекті, Талдысай, Соналы, Жанбөбек, Құланөтпес сынды ауылдардың тұрғындары да тегін медициналық көмек алды.



«Саламатты Қазақстан» – «Медициналық пойыздар» қайырымдылық жобасының бір бөлігі. Шалғай стансалар мен оған жақын жердегі ауыл тұрғындарын тегін медициналық тексеру және диагностикалау мақсатында қолға алынған жоба елді тұтас аралап шығады. Биыл пойыз облыстың Нұра ауданына тоқтады. Екі күнде жергілікті тұрғындар терапевт, стоматолог, офтальмолог, ЛОР, хирург, уролог, невролог және басқа да бейіндік мамандардың қабылдауынан өтті.

– Менің төрт балам бар, – дейді Шұбаркөл кентінің тұрғыны Жанна Мейрамова. – Барлығымыз да тексеруден өтіп алдық. Балаларды ЛОР, стоматолог пен хирургке көрсеттім. Бәрін түсіндіріп берді. Мамандары білікті екен. Мұндай пойыз жыл сайын келсе, жақсы болар еді.

Пойызда заманауи диагностикалық және емдеу жабдықтары, УДЗ, флюорография, өз зертханасы бар. Сондай-ақ, медициналық



көмектен бөлек, зангер мен медиатор бар.

– Медициналық пойыз туралы тұрғындарға алдын ала айтылды.

Сондықтан, олар өздері жиналды. Денсаулығына байланысты келе алмайтындарын біз аурухананың жедел жәрдем көлігімен тасымал-

лады. Жеткізуге аудандық әкімдікте көмектесті. Бейінді мамандары көп. Кардиолог жүрекке УДЗ да жасады. Бұрыннан созылмалы аурулары бар тұрғындарға ем жазып берді. Жаңадан анықталғандарды тиісті тексеруден өткізді. Әрі қарай тексерілуі үшін біз де жолдама береміз, – дейді Нұра аудандық ауруханасы директорының емдеу ісі бойынша орынбасары Зинат Балтабаева.

Оның айтуынша, екі күнде 110 адам қажетті медициналық көмек алған.

– Мұндай пойыз шалғайдағы ауылдағылар үшін өте қолайлы. Екі күнде көптеген адам қажетті көмек, емін, дәрі-дәрмекке рецептің алды. Балаларын тексеруден өткізгендер де қаншама. Мектептің алдында медициналық тексеру қажет, – дейді ауыл тұрғыны Баян Өтебаева.

«Саламатты Қазақстан» пойызы 26 сәуірде жолға шыққан. 6 желтоқсанға дейін 17 мыңнан астам шақырым жүріп өтіп, 121 стансаға тоқтайды. Енді кесте бойынша республиканың батысы мен оңтүстігіне барады.

Аталған жоба 2010 жылы қолға алынғанын да айта кету керек. 2016 жылдан бері жобаны «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының атынан «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры қолдап келеді.

Пойыз жолға шыққан 26 сәуірден бастап 17 шілдеге дейін 47 шалғай стансаларға барып, 27 мыңнан астам адамға медицина-

лық көмек көрсетті. Оның алты мыңнан астамы – балалар. Сонымен қатар, екі мыңға жуық ауыл тұрғыны зангерлік кеңес алды.

• БІЗДІҢ СҰХБАТ

Дина САРБАСОВА:

Аллергияны аллергенмен емдейміз

Аллергиктердің ең қорқатыны – жусан. Шілденің ортасынан бастап тамыз бойы жусанның тозандануы көптеген адамдарда маусымдық аллергия тудырады. Айта кетерлігі, оған шалдыққан адамдардың қатары көбейіп келеді. Маусымдық аллергияның пайда болуы, сақтану және емделу жолдары туралы облыстық аллергологиялық орталықтың аллерголог дәрігері Дина Сарбасовамен сұхбаттастық.



– Маусымдық аллергияның пайда болуы себептерінен бастайық...

– Маусымдық аллергияның себебі – көп жағдайда өсімдіктер. Аллергия көктем келісімен ағаштар бұр жарғанда басталуы мүмкін. Одан кейін шілденің ортасында жусан гүлдегенде өрши түседі. Жусан Қазақстанда, әсіресе, біздің өңірде аллергия тудыратын себептердің негізгісі. Орталыққа күніне 15-20 адам келетін болса, соның жартысынан астамы маусымдық аллергиядан зардап шегеді.

– Бұл дертке әдетте кімдер шалдығады? Балалар ма, егде жастағы адамдар көп пе?

– Негізі осы жаста пайда болады деп нақты айтатын емес. Ол 3 жаста да, 35 жаста да кенеттен пайда болуы мүмкін. Бірақ, негізі ауырғандардың дені 17-40 жас аралығында. Аллергия барлық жаста да пайда болуы мүмкін.

– Маусымдық аллергияның белгілері суық тию жағдайларына ұқсайды. Олардың ерекшелігін айырмашылық бар ма?

– Аллергия кезінде мұрын мен көз қышып, су ағады, қызарады, түшкіреді, жөтел болады. Иә, бір қарағанда бұл белгілер суық тиген адамда да болуы мүмкін. Бұл ретте аллергиямен ауырған адамда дене қызуы көтерілмейді, ол суық тиген адам сияқты әлсіремейді.

– Түтінге аллергия болуы мүмкін бе?

– Түтін аллерген емес. Ол аллергия туғызбайды. Бірақ, ағзада гипер сезімталдық пайда болуына әсер ететін қауіпті фактор болуы мүмкін. Ол мұрынды қабындырады. Мәселен, терек – аллерген, бірақ, оның тозаны

– аллерген емес. Ол – тек тасы-малдаушы. Түтін де солай.

– Аллергендерді анықтау үшін қысты күту керек пе?

– Аллергенді кез келген уақытта анықтауға болады. Біз қайсы түрі әсер етуі мүмкін екенін жазып береміз, науқас қысты күтпей анықтай алады. Ал, күн суытқанда емге кірісеміз. Егер адам уақытында емделмесе, асқынады. Аллергиялық риноконъюнктивит соңы бронхиалды астмаға әкелуі мүмкін. Бұдан басқа қосымша аллергия пайда болады. Мәселен, тамаққа, жеміс-жидекке.

– Аллергияны сол аллергенмен емдеу қаншалықты тиімді?

– Егер аллергия себебі өсімдік тозандары болса, бұл әдіс қолданылады. Ол аллергоспецификалық иммунотерапия деп аталады. Мысалы, адамда жусанға аллергия анықталса, сол жусанды минималды дозаммен береміз. Ол екі түрінде немесе тілі астына қоятын таблетка болуы мүмкін. Оның мөлшерін тек аллерголог дәрігер ғана анықтайды. Осылайша ағзада кері реакция туындай, бірте-бірте жусанға қарсы иммунитет пайда болады. Бірақ, бұл әдіс тағамдық аллергия түрлеріне қолданылмайды. Ол кезде элиминационды диета сақталуы тиіс. Аллергияға қарсы бұл емдер ұзақ уақытқа созылуы мүмкін. Ал, жазда, мал-суық жаста да пайда болуы мүмкін.

– Маусымдық аллергияның алдын алу мүмкін бе?

– Аллергиясы бар науқас бірінші кезекте аллергияның қандай өсімдікке екенін анықтауы керек. Сосын сол өсімдіктен аулақ болуы қажет. Алайда, бұл мүмкін емес. Бәріміз далаға шығамыз, серуендейміз. Сондықтан медикаментозды ем жасау керек. Дәрігер жазып берген дәрілерді ішу, үйдің, көліктің терезесін жауып жүру, көздірік тағу, даладан келгенде мұрын шаю, киім ауыстыру сияқты кеңестерді айтамыз. Ауру үнемі бақылауда болуы керек.

– Сұхбатыңызға рахмет

Сұхбаттасқан
Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»



• МАМАН КЕҢЕСІ

Тас төбеде күн өтсе...

Күннің ыстығы ауа райы жүрек-қан тамырлары аурулары бар науқастар үшін қауіпті. Облыстың штаттан тыс бас неврологы Михаил Мазурчак осыны ескертеді. Оның айтуынша, ыстық әсерінен миға оттегі бармайды, салдарынан гипоксия туындайды. Ауа райының 1 градусқа өсуінің өзі денсаулықты 2-3 пайызға қиындатады екен.

– Ауа температурасы жоғарылаған сайын қан диабеті, қан қысымы, жүрек-қан тамыр аурулары бар адамдар үшін қауіпті. Әдетте бұл 60 жаста асқан адамдар. Қазір ауруханаға инсульт күдігімен түсетіндер жиіледі. Мәселен, өткен айда 90 адамнан асты. Бірақ, бәрі инсульт емес, – деді М.Мазурчак.

Ыстық кезінде адам ағзасы әлсірейді. Дұрыс ұйықтай алмайды. Ол да ми жұмысына әсер етеді. Дәрігер мұндай ауа райында 2 литрден артық су ішу керектігін айтады.

– Қарттар, балалар мен сәбилер ыстыққа сезімтал. Артық салмағы бар адамдар да сондай. Салмақ жүрек-қан тамырларына артық жүктеме түсіреді. Мұндай кезде ішімдік ішу де қауіпті. Ішімдік ішкен адам өзінің жағдайын бағамдай алмайды. Күн астында қалып қоюы, суға кетуі мүмкін. Мастықтан қайтыс болған жағдайлар тіркелді. Үнемі дәрі ішетін адамдар үшін де ыстық қиындық туғызады. Сонымен қатар, жұмысына байланысты күн астында жүруге мәжбүр адамдар да қатер тобында. Бұлар – жол жөндеушілер, құрылысшылар, полиция қызметкерлері. Әрі олар үнемі формамен жүруге міндетті, – дейді дәрігер.



Бұл ретте күн өткен адамға алғашқы көмек көрсете білу маңызды.

– Бізде алғашқы көмек көрсетуді көбі білмейді. Ыстық өткен адамды әуелі көлеңке жерге апару, сосын түймесін шешіп, басын артқа шалқайту керек. Жедел жәрдем келгенше сумен салқындатып, нашатыр болса, есін жиюға көмектескен дұрыс, – дейді Михаил Мазурчак.

Дәрігердің айтуынша, инсульт жасарып бара жатыр. Оның бір себебі – диагностиканың бірнеше есе жақсаруы.

– Қазір инсульт ықтималдығы ерте анықталады. Бұл да оның «жасаруына» әсер етеді. Сонымен қатар, бұл стресспен де байланысты. Адамдардың көбі психо-эмоционалды ауыр жағдайда жүреді. Қажу мен шаршау жағдайлары жиі кездеседі. Дегенмен, басты мәселе – тамырлардың жай-күйіне қатысты, – деді дәрігер.

• АЙЛЫҚ

Саркомадан сақ бол!

Қазір аймақта саркома туралы хабардар болу айлығы жүріп жатыр. Жұмсақ тіндер саркомасы басқа қатерлі ісіктер сияқты көп айтылмайды. Себебі, олар белгілі бір ағзада емес, бұлшықет, май, сіңір, шеміршек, лимфа тіндерінде, тамырлар және басқа жерлерде пайда болады. Бірақ, мамандардың айтуынша, саркома да, обыр да қатерлік ісік қатарына жатады. Сондықтан, Қарағанды қаласының №3 көпсалалы ауруханасында, сонымен бірге, барлық өңірлердегі ауруханалар мен емханаларда бүгін ашық есік күні өтеді.

– Көпшілік саркоманы әдеттегі обырдан бөлек деп ойлайды. Құрылымы, емдеу әдісі әртүрлі болғанымен, пайда болуы бірдей, онкопроцесс. Ол да қатерлі ісік. Операциямен емделетін саркома бар. Операциядан кейін 7-10 күн ішінде ем алып шығып, кейін есепке алынады. Кейде ем өте ұзаққа созылуы мүмкін, – дейді Қарағанды қаласының №3 көпсалалы ауруханасы жалпы онкология және хирургия бөлімінің меңгерушісі Андрей Панибратец.

Дәрігерлердің айтуынша, саркома кеуде тұсы, аяқ пен қолда жиі, мойын, баста сирек кездеседі. – Аяқ-қолда ісік, сыртқы түрінде қандай да бір өзгеріс болса, бірінші терапевтке не хирургке бару керек. Олар рентген немесе КТ тағайындайды. Саркома сүйекте болса, емделуі де, операциясы да қиындау. Ол жоғары технологиялық операцияларға жатады. Жалпы, бұл дертпен ауыратындар көп деп айта алмаймыз. Барлық онкологиялық аурулар ішінде шамамен 8-10 пайыз, – дейді аурухананың амбулаториялық-емханалық қызметтің басшысы Анатолий Красножен.

• МӘСЕЛЕ

Балаларда улану жиілеп тұр

Жаз мезгілінде тағамнан улану жағдайлары басқа кездегімен салыстырғанда 1,5-2 есе артады екен. Айына 140-150 адам жігі ішек инфекциясымен ауруханаға түседі. Қазір облыстық клиникалық аурухананың жұпалы аурулар орталығындағы балалар бөлімінде бос орын жоқ.

– Тағамнан улану жағдайлары жазда көбейеді. Бұл жыл сайын қайталанатын жайт. Оған ауа райының ыстығы да әсер етеді, – дейді жұпалы аурулар орталығының бөлімше меңгерушісі Баянбек Аспандияров.

Улану көбінесе мерзімі өтіп кеткен, бактериялармен, сондай-ақ, химиялық заттармен бүлінген азық-түлікті қолданғанда, со-

нымен қатар, жеке бас гигиенасын сақтамағанда пайда болады. Баянбек Ерболатұлының айтуынша, бірінші кезекте сүт, крем қосылған кондитерлік өнімдері, жұмыртқа, балық, фаст-фуд, консерві өнімдері қауіпті. Бұл қатарда балмұздақ та бар. Көп жағдайда олардың дұрыс сақталмауы мен тасымалданбауы да ауруға себеп.

– Қазіргі уақытта балаларда

улану себептері өз жасына келе бермейтіні байқалады. Мәселен, кішкентай балалардың картошка фри, қуырылған тауық еті, майлы тағамнан улану жағдайлары да жиі кездеседі. Науқастардың өзі нақты неден екенін білмеуі мүмкін. Көбісі жеміс-жидектермен, қарбызбен байланыстырады. Бір жерден үш адам ауырған жағдайда эпидемиологиялық тексеру жүргізіледі. Қандай инфекция екенін анықтау үшін бактериологиялық талдау жасалады. Биыл ондай жасалған жоқ, – деген дәрігер термикалық өңделген, жарамдылық мерзімі өтпеген тағамдарды пайдалануға кеңес берді.

Дәрігердің айтуынша, ішек инфекциясы жас тапқамайды. Ауыратындардың дені – 1-ден 10 жас аралығындағы балалар. Дегенмен, қазір орталықта бір айлық бала да жатқан көрінеді.

Жеке гигиенаны сақтау, әсіресе, қолды жиі жуу – жігі ішек инфекциясынан сақтанудың бірден-бір жолы.

– Қала сыртына, далаға демалысқа шыққанда қол мен жеміс-жидекті жууға баса мән беру керек. Кейбіреулер қарбызды жумай кесіп жей береді. Оның қалай жеткізілгенін білмейсіз ғой. Қарбызды өзен суымен жууға болмайды. Қолды да солай, өзен суына жуылған қол таза деген сөз емес. Мұндай мақсатта арнайы ауыз су алып келу керек, – деп ескертті маман.

• БІЗДІҢ СҰХБАТ

Нұрлан имам: Қазақтың діндарлығы тәй-тәйлаған баладай

Әлеуметтік желіде танымал болған белгілі теолог, имам Нұрлан Байжігітұлы Арқаға ат басын бұрды. Жастармен кездесті. Дін мен дәстүр тұрғысында ашық диалог өрбіді. Ел аузында жүрген «трендтегі» имаммен сәті түсіп, сұхбаттасқан едік. Нұрлан имам қазіргі қазақ қоғамының діни ахуалын бүкпесіз әңгімелен берді...

– Адам не нәрсеге болмасын білмегендігінен ұрынады. Оған мысал – теріс ағымдардың жетегінде кетіп жатқандар. Осы адасуға не себеп?

– Шын мәнінде, білмегеннің арғы – жар. Сауатсыздықтың түбі – адасу. Ғалымдар адам неге теріс ағымның жетегінде кетеді деген сауалға жауап іздепті. Ол неге өзінің ата-тегінен келе жатқан ұлттық наным-сенімін өзгертеді? Зерттеудің нәтижесі адасуға бір ғана себеп барын көрсеткен екен. Ол – сауатсыздық, таяздық. Аталарымыз «Жылтырағанның бәрі алтын емес» деген. Қазір өз тарихынан хабарсыз, қанына, болмысына сіңген сенімінен ажырап, бөтеннің жылтырағына кеткендер көп. Мұны айтудай-ақ айтып жатырмыз.

– Ел аралап, үлкен-үлкен сарайларда жастармен кездесу өткізіп жүрісіз. Tik-tok желісіндегі тікелей эфирде де жұрт сауалына жауап айтасыз. Қоғаммен тығыз байланыста жүрген Нұрлан имамның пікірінше, кейінгі жұрттың діндарлығының деңгейі қандай?

– Тәй-тәйлаған баланың деңгейінде. Біз өміршең дінімізді мешіттегі айналдырған бір жағаматтың мойнына іліп қойдық. Имам құлшылық үйіндегі мінберге байланып қалды. Ешкімнің алдына бармады. Барса – бір нәрсе сұрау үшін барды, немесе біреуге бата кылу үшін барды. Елмен етене араласпады. Оған өзіндік себептер бар. Мешіттегі 4 ақсақалдың маңайында отырдық. Мешітке бәрі келе бермейді. Келсе де, сұрақ қоймайды. Сұраса да, имам төрге отырып алып, сауақты шашағаннан басқа ештеңе бітірмеді. Сөздің түбі, шындығы сол. 30 жыл осымен өтті. Дінді оқыған елдер әлдеқайда ұзап кеткен. Дінді шала ұғып, жырақ жүргендер қарайып, түсінігі төмендеп кетті. Біз қазір тәй-тәйлап, енді ғана айналаға қарай бастадық. Мұны тікелей эфирде қойылған сұрақтардан түсінесіз. «70 көретін жасым ба еді, быламық жейтін асым ба еді?» депті ғой бір ақсақал. Міне, біздің көріп отырғанымыз – осы. 30 жылда дамыған елдердің қатарына қосылдық делік. Бірақ, рухани жағдайымыз төмендеді. Жанның емес, тәнің азығын іздеп кеттік. Мұның бәріне мемлекет, имам кінәлі деп



«Өкінішке қарай, кейінгі жұрттың менталитеті теріс жаққа өзгерді. Атеист демей-ақ қояйын, бірақ, атеистеу болып барамыз. Дінге дұрыстап бет бұрып, намазға жығылып, қажылыққа барсаң, «террорист, сәләф, уахаб» деген атақ аласың. Қазіргі жағдай – осы. Үрейленеміз. Исламды жамылған зұлмы күштер осыған жеткізді. Сақал қойғаны, намаз оқығаны мұсылман, қалғаны – кәпір. Осындай теріс түсінік қалыптасты. Дін – халық руханиятының шырағы, алауы. Өйткені, дін – бірлік пен ынтымақты, махаббат, мейірімді насихаттайды. Мырзатай Жолдасбеков «Дін – ұстай алсаң қасиетің, ұстай алмасаң қасіретің» деген. Қазір дін жаназада ғана қажет болып қалды.

Тағы бір айтарым, ұлттық салт-дәстүрімізді жоққа шығару арқылы исламды, төл руханиятымызды өркендетпейміз. Керісінше, әлсіретіп, жұрттың көзіне жиіркенішті етеміз. Асыл дініміздің мыңдаған тармағы бар, насихаттаудың қаншама жолдары бар. Соның бәріне бойламай, ізденбей «Жоқ, менікі ғана дұрыс» деп, ешкіммен санаспау, бәрін жоққа шығару – экстремизм.

– Мәніңше, бұрынғы ақсақалдардың айтатын «обал, сауабы» адамның иманы еді. Дінге алғашқы қадам сол сөзден басталатын...

– Аталарымыз «Құдайдан қорықпағанның қорық» деген. Бір-ақ ауыз сөз. Көбі «Құдай бәрін көріп тұр-ау!» деп ойланбайды. Олар бейнекамерадан қорқады. Көшедегі камерадан, жолдағы жылдамдықты өлшейтін «Сергектен» қорқады. Біреу таспаға түсіріп тұрса, ас ішкісі келмейді. Сонда, құдайдың ка-

латындар көбейді. Сіздің ше, бұл ненің салдары?

– Өкінішке қарай, кейінгі жұрттың менталитеті теріс жаққа өзгерді. Атеист демей-ақ қояйын, бірақ, атеистеу болып барамыз. Дінге дұрыстап бет бұрып, намазға

«Аталарымыз «Құдайдан қорықпағанның қорық» деген. Бір-ақ ауыз сөз. Көбі «Құдай бәрін көріп тұр-ау!» деп ойланбайды. Олар бейнекамерадан қорқады. Көшедегі камерадан, жолдағы жылдамдықты өлшейтін «Сергектен» қорқады. Біреу таспаға түсіріп тұрса, ас ішкісі келмейді.

Сонда, құдайдың камерасы, адамдығының камерасы қайда қалды?»

мерасы, адамдығының камерасы қайда қалды?

– Тәрбиелеп, баптап жүрген шәкірттеріңіз бар ма?

– Бар. Бұрыннан бері шәкірт тәрбиелеп келемін. Ұстаздыққа жаным құштар. Алды қари атанды. Болу – бір басқа, ал, оны еңсеріп кету – бір басқа. Оқығанның бәрі ғалым емес. Шетелде 10 жыл оқып келгендерді білемін. Бірақ, соңынан ерген жамағат жоқ. Салиқалы насихатын іліп алып, оны әрі қарай дәріптейтін жалғастырушылары жоқ. Негізі, заманауи имам психолог болғаны абзал. Қиналғанның бәрін дінмен жұбата алмайсың.

– Қазір мешіт салу сәнге айналды. Бұл жөнінде сіздің ойы білесіз...

– «Мешіт салсам, беделім көтеріледі» дейтіндер көбейді. Бірақ, «сол құлшылық үйінде қызмет жасайтын имам табыла ма, жамағат тола ма» дегенді шетке ысырып қойдық. Онда айтылып жатқан уағыз, насихат дұрыс па, бұрыс па? Көп жағдайда елемейміз. Елемегеннің соңы жақсылыққа апармайды.

– Қазір қоғамда дінді қазақ болып емес, араб болып ұстанып жүріміз деп дабыл қағып жүргендер баршылық. Бұған не дейсіз?

– Араб болу – шарт емес. Сүйікті пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.е.) бізге «араб бол» деген жоқ. «Арабша екі сөздің басын құрасам, білгіш болып көрінем» дейтіндер бар. Қателеседі. «Бисмилляхи рахман рахимды» «Аса камкор, мейірімді Алланың атымен бастаймын» деп айтсаңыз, болады. Діннен тұқ хабары жоқ, бірақ, «машалланы» біледі, біреудің ақысын білмейді, бірақ, «мәһірді» біледі. Шала діндарлар осындай. Дін – мөддір бұлақ, дәстүріміз – жағалай жатқан құрақ.

– Әсерлі әңгіменізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Ерік НАРЫН
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақ баласының IT-ге таласы бар

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұлайша болжам жасауымызға шағын несие алып, компьютерлік бағдарламаны жіліктеп отырған Әділ Мүсидің жобасы себеп.

Жақында 4 млн. 400 мың теңге шағын несие алған Әділ Мүси Қарқаралы ауданы Қарағайлы кентінде тұрады. Ол команда-сымен бөлшек саудада есеп-кісапты жеңілдетуге мүмкіндік беретін бағдарлама жасап жатыр.

– Шағын несие IT жобаға алдық. Бұл бағдарлама бөлшек сауданың ішкі есебін қаса бойынша операцияны және қоймадағы бар тауардың қалдығын көруге мүмкіндік береді. Барлық алғашқы құжаттарды автоматты түрде жүргізеді. Әр тауар сатылған сайын заң жүзінде түгел керек алғашқы құжаттар автоматты түрде шығады.

Бағдарламаның аяқ алысы жаман емес. Қолдау үстіндеміз.



Дизайн макетін құрып, алдағы маркетингтік стратегияны құрастыруға кірістік. Бәрі ойдағыдай болса, 2024 жылы бағдарламаны сынақтан өткіземіз.

Кәсіпкерлікпен айналысқаныма – 5 жыл. Осы 5 жылда бизнеске және кәсіпкерлерге арналған жеңіл әрі түсінікті бағдарлама жоқ екенін түсіндім. Көптеген кәсіпкерлер маған дүкендеріне, дәріханаларына автоматтандырылған арнайы бухгалтерлік есепті жүргізетін, яғни, сатып алғаннан кейін құжаттарды автоматты түрде дайындайтын бағдарлама сұрайды.

Иә, Қазақстан бағдарламалары бар. Бірақ, олар толық емес. Бір функциясы бар, енді бір функциясы жоқ. Ал, біздің бағдарламада касса, қойма, бухгалтерия түгелдей бір-бірімен керекті ақпаратты автоматты түрде алмасады. Осы күнгі нарықтағы бағдарламаларда біз ұсынып отырған функциялар жоқ. Кездессе де, өте қымбат тұрады, – дейді Әділ.

Қазіргі кезде Әділ бастаған 5 бағдарламашы тың жобаға жұмылған. Алдағы уақытта, бағдарлама сатылымға шыққанда тағы да 10 шақты адамды жұмыспен қамту жоспарда.

Әділ несие алуда тиісті құзырлы ұйымдардың кеңес беріп, мемлекет қолдауын айқын сезінгенін айтады. Кәсіп етуге құлшы-

ныс болса, кедергінің жоқтығына сенімді. Тек ынта мен ыждаһат аса қажет.

Бұйырға, Әділдің бағдарламашылар тобы мұнымен тоқтамақ емес. Бағдарлары батыл. Команда ел деңгейімен шектелмейді. Әлем алдында төл бағдарламаларының бағын сынағысы келеді.

– Бағдарламаны әлемдік деңгейге дейін жеткізу жоспарда бар. Оның барлығы тынымсыз еңбек пен біраз уақытты талап етеді. Бизнес саласында кең тараған бағдарламалардың тәжірибесіне сүйене отырып, қазақстандық бизнеске керекті құралдардың бағдарламасын ұсыну ойымызда, – дейді Әділ.

Әділ – 22 жаста. Қарқаралы ауданы Акқора ауылында дүниеге келген. Қарағайлы кентінде №16 жалпы білім беретін мектепті бітірген. Мамандығы – тау-кен инженері. Не десек те, «Ақыл –

жастан, асыл – тастан» екенін заман дәлелдеп-ақ тұр.

Еске сала кетейік, 1 наурыздан кәсіпкерлік бастамаларды іске асыру үшін жастарға берілетін жылдық 2,5 пайыз жеңілдікті шағын несие беру үшін құжаттарды қабылдау басталғаны мәлім. Шағын несие 21 жастан 35 жасқа дейінгі жастарға өз ісін ашу, кеңейту үшін 5 жылдан аспайтын мерзіммен жеке кәсіпкер ретінде тіркелген жағдайда беріледі. Бұл ретте қатысушылардың жасы «Ағартулық кредиттік корпорация» АҚ-ға өтінішпен жүгінген кезде ескеріледі.

Шағын несие мөлшері 5 млн. теңгеге дейін, ал, қатысушының ұзақ мерзімі – 5 жылдан (кез келген мақсатқа), 7 жылға дейін (мал шаруашылығы саласындағы жобалар үшін) болуы мүмкін. Сый-ақы мөлшерлемесі жылдық – 2,5 пайыз.

Шағын несие алушылар үшін негізгі борыш пен сыйақының өтеу бойынша жеңілдікті кезең беріледі. Кезең несие мерзімі ұзақтығының үштен бірінен аспайды.

Кепілмен қамтамасыз ету – міндетті. Оған жылжымалы және жылжымайтын мүлік қабылданады. Кепілмен қамтамасыз ету болмаса, кепіл берушіні тартуға рұқсат.

Бала қауіпсіздігі – басты мәселе

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сондай-ақ, Балқаш қаласындағы «Бригантина» және «Жас Қанат» балалар сауықтыру орталықтары жұмыс істейді. Одан бөлек, төрт жекеменшік лагерь бар. Олар «Орленок» балалар сауықтыру орталығы, «Жас Алаш», «Романтик» және «Алау» лагерлері.

Білім басқармасының мәліметіне сәйкес бүгінде 289 сауықтыру лагерінде 30 мыңға жуық бала демалуда. Бейіндік бағыттағы 293 лагерь 90 мыңнан аса баланың жазғы демалысын қамтамасыз етуде. Жалпы, өңірдегі 150 мыңнан аса оқушы лагерлерде демалыста.

Көпке топырақ шашудан аулақпыз, әрине. Дегенмен, бір байқайтынымыз, ата-аналар әрейдік лагерлердегі жағдайға шағымданып жатады.

Мәселен, шілде айының басында Бұқар жырау ауданының Новоузенка ауылында орналасқан «Березняки» демалыс орнында шу шыққан. Бұл балалар да, ересектер де сауықтырудан өтетін шипажай, әрі тынығу орны. Ата-аналары балаларының суық бөлмеде ұйықтап, аз мөлшерде тамақтанғанына наразы болып, балаларын түн ішінде лагерьден алып кеткен. Балалар тәрбиешілердің де дұрыс көңіл бөлмейтінін, ешқандай жағдай жасалмағанын айтып шағымданған. Аталған мекемеде спорт алаңы, бассейні болғанымен, балалар ата-аналарына «оның бірде-біреуін көрмедік» депті. Сонымен қатар, тәрбиешілер бала-



лардың телефонын алып қойып, ата-анасымен сөйлестірмей қойыпты.

Бұл лагерьге айдың басында 100-ге жуық оқушы мемлекеттік бюджеттен бөлінген қаржы есебінен демалуға жіберілген. Олардың ішінде көпбалалы, аз қамтылған отбасылардың балалары да бар. Бұқар жырау аудандық білім бөлімінің басшысы Қаламқас Оспанова осы мәселеден соң, жағдайды өз көзімен көріп, барлығы дұрыс екенін айтты. Бұл шу балалардың тәртіпке бағына алмағанынан шыққан болуы керек деп түсіндірген.

Лагерьде астан ұшыған балалар да болыпты. Балалар лагерьге қабылдау алдында медициналық тексеруден өткізілген. Сол

кезден-ақ ауырған балалар анықталып, изоляторға жатқызылып, емделген көрінеді.

Аудандық білім бөлімінің хабарлауынша, бір балаға 90 мың теңгеден бөлінсе, аталған мекеме әр балаға 79 мың теңге жұмсаймыз деп мемлекеттің сатып алу конкурсында әлеуетті жеткізуші болып танылған. Енді кетіп қалған балалар үшін 10 күнге бөлінген ақшаны аталған мекеме мемлекет бюджетіне қайтарып береді екен.

Білім басқармасының мамандары: «Мемлекеттік сатып алу болғанымен, мекеме жекеменшік болып саналады. Сондықтан, бұл шипажай біздің қарауымызда емес», – деді.

Жазғы маусымда өңір оқушылары рес-

публика деңгейіндегі лагерлерде жазғы демалысын тиімді өткізуде. Әсіресе, аз қамтылған, көп балалы отбасылардан шыққан, қамқоршылық күтімдегі, ата-анасы жоқ балалар қамтылды.

«Қазақстан халқына» қоғамдық қорының қаржыландыруымен облыста 400 бала Астанадағы Назарбаев университеті жанындағы «Айналайын» лагерінде, 100 бала «Салют» балаларды сауықтыру лагерінде демалады деп жоспарланған.

Балалардың жазғы қауіпсіздігі мәселесіне келгенде ескеретін дүниелер көп. Мәселен, республикалық лагерлерге балалар жіберілгенде әрбір жергілікті полицияның алып жүруімен жеткізілетінін айтты білім басқармасының бас маманы Акерке Рақымқызы.

– Сауықтыру лагерлеріне балалар жыл бойы барады. Егер балалар автобуспен жеткізілетін болса, жетекші мұғалімдер бірге барады. Пойызбен барса, полиция қызметінің қадағалауы қажет. Аудандық білім бөлімдері Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитетіне алдын ала хат жазып, лагерьге бара жатқан балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде таспырыс жасайды. Жалпы, 15 балаға бір жетекшіден. 1-10 шілде аралығында Абай, Бұқар жырау, Қарқаралы, Осакарровка аудандарынан 196 бала барды. Қарқаралы ауданының оқушылары пойызбен, басқа аудан балалары билет болмағандықтан, автобуспен жеткізілді. 11-20 шілде аралығында Ақтоғай, Нұра, Шет ауданынан

барған 200 бала демалып жатыр. «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры облыс оқушылары үшін қаражат бөлгеннен кейін, балалардың жеткізілуін облыстық білім басқармасы мен аудандық білім бөлімдері келісілген түрде қамтамасыз етті, – дейді білім басқармасының бас маманы Акерке Рақымқызы.

Қарқаралы ауданының Матақ ауылының тұрғыны Әсемгүл Жунқобаева биыл 5-сыныпты үздік бітірген баласы «Қазақстан халқына» қоры бөлген Астанадағы «Айналайын» лагеріне барып демалып, жақсы көңіл күймен оралғанын жеткізді.

– Ауыл балалары үшін мұндай лагерлердің ұйымдастырылғаны дұрыс болды. Өйткені, ауыл баласы күнде Астанаға барып жатқан жоқ. Менің балам өте жақсы көңіл күймен оралды. Лагерьдегі қызықтарын айтып, әлі күнге дейін тауыса алмай жүр. Балаларымыздың қауіпсіздігі үшін біз, ата-аналар, Қарағандыға өзіміз апарып, пойызға отырғыздық. Бұл аудандық білім бөлімімен келісілген түрде жасалды, – деді Әсемгүл Жунқобаева.

Қарқаралы аудандық білім бөлімінің басшысы Абылай Жәлелов аталған лагерьге ауданнан 56 бала жіберілгенін айтты. Балаларды облыс орталығына жеткізу жағын ата-аналар өз мойнына алған. Себебі, ауданның жол сапасының нашар болуына байланысты түнгі уақытта автобуспен жол жүрудің қауіптілігін ескеріп, осындай шешімге келгенін атады. Себебі, пойыз уақыты танертең болған. Пойызда балалармен бірге әлеуметтік педагог пен білім бөлімінің маманы жіберілген.

Балалардың жаз кезіндегі қауіпсіздігі аса маңызды. Өйткені, бала қашан да қолдау мен қорғауға зәру.

• АРДАГЕРЛЕР – АРАМЫЗДА

Жеңістің жемісті жолы

Айлап жалақы алмаған 1997 жыл «Орталық Қазақстан» газеті редакциясы ұжымының есінде болар. Сол қиын кезеңде көмек сұрап барғанымызда, қол ұшын созған Бұқар жырау ауданының басшы азаматтарын қалай ұмытарсың! Екі ауыз сөзге келмей, 10 тоннадан астығын артып берген олар «Көктал» кеңшарының директоры, марқұм Сарқан Зейншев, қазір арамда жүрген ХХІ партсезд атындағы кеңшардың директоры Рамазан Ахметов, Қылыш Бабаев атындағы кеңшардың директоры Жеңіс Шәдетов еді. Міне, солардың бірі Жеңіс ағамыз осы бынығы 27 шілдеде 80 жасқа толғалы отыр.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Ашаршылықта жеген құйқанын дәмі кетпейді» дегендей, бүгінде ауыл-аймағының абыз ақсақалы атанған Жеңіс Жұмашұлы Шәдетовтің онегелі өмірі мен жемісті жолы жайлы болмақ әңгімеміз. Оқыған-тоқығаны, көрген-білгені көп онымен сұхбаттасып, сырласудың өзі бір ғанибет. Қашан келсек те, қолынан қаламы түспей, бірдеңе жазып отырғаны. Кезінде ол біздің газетімізде өсіп-өнген өңірі, көз-көргендері мен замандастары туралы мақалаларын көптеп жариялап, кейін оларды топтастырып, «Бұқар баба елінде» атты кітабын шығарғанын да білеміз. Енді, өзі бала күнінен көріп, әңгімесін тыңдап өскен ауыл ақсақалдары жөнінде естелік жазуға кірісіпті.

– Зейнолла Қабдоловша айтқанда, мұны сен жазбасаң, мен жазбасам, кейінгі ұрпақ қайдан біледі?, – дейді Жекең. «Ауылыңда қартың бар болса, жазулы тұрған хатпен тең» деген осы да...

...Ол 1943 жылдың 27 шілдесінде қазір өзі тұрып жатқан Үміткер ауылында дүниеге келген. Соғыстан броньмен қалдырылып, «Үміткер» колхозының басқарма төрағасы қызметіндегі әкесі Жұмаш пен шешесі Қапса оның есімін қырғын соғыста еліміздің мерейі үстем болсын деген ниетпен Жеңіс деп қойыпты. Өзінен кейін туып, өткен жылы дүниесі салған теге інісі Кеңес атын алып, алдындағы апаларынан Сәлима ерте көз жұмса, Қаримасының көзі тірі, 90 жасқа таяп қалған.

Әкесі Жұмаш ауданның «Жаңақала», «Жастілеу», «Құрама», осы «Үміткер» колхозының басқарып, 1946 жылы «Үлгі» колхозының басқарма төрағалығына сайланады. Бала Жеңістің бүкіл балалық шағы осында өтті. Ақ тақырда асық атып, жазда Өткелсіз өзенінің суына шомылып, бүлдірген, қарақат теріп, қыста Сарытөбеден шаңамен сырғанап, мезгіл де зымырап өте шыққан.

Сол тұста қазақша орта мектеп тек Үлгіде ғана болып, маңайдағы ауылдардың балалары осы жердегі интернатта жатып оқитын. Жеңіс те сол мектепке оқып, 1962 жылы соны бітірген 3 оқушы бірдей – өзі және Кенжебек Рүстембеков, Мәтібай Жамбеков күміс медаль алады. Соңғы екеуі ғылым жолына түсіп, ғылым докторлары, профессор атанса, бұл мал маманы болуды таңдады. Жалпы, бұл мектеп түлектері арасынан академик Арыйқай Қайыпов, тағы да 3 ғылым докторы, 5 ғылым кандидаты, 5 журналист, әр сала мамандары көптеп шыққан. Сондықтан да, Жекең бір кездері өзіне сабақ берген ұстаздары Қалиолла Рүстембеков, Мақ Қарасартова, Мұрат Көккөзов, Үміт Әсіркебаева, тағы басқаларын ілтипатпен еске алады.

Баласының талабын құптаған Жұмекең оны ертіп алып, бала күнгі досы, күрдасы әрі аталас туысы, академик Қаныш Сәтбаева барады. Ол да бұған қолдау білдіреді. Бұл екеуі де бұрынғы Баянауыл округі Ақкелін болысы аумағындағы Қарамұрын деген жерде 1899 жылы қатар туған бір жылдың төлі. Олар өле-өлгенше бір-бірімен байланысын үзбеген. Ел жаққа келген сайын Қанаған Жұмаш досын ұмытпай, үнемі соғып, кеңінен мәжіліс құрады екен. Ал, Қаныш Имантайұлы 1950 жылы Қарағанды облысының ауылдық округінен Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланғанда, үлгілік сайлаушыларға берген үдесі бойынша Қарағанды ботаникалық бағының мамандарымен бірге осы ауылға бақ ашып, оған қарағаш, терек, қайың, акация,



жеміс ағаштарының көшеттерін отырғызып, бастапқы бетте тал шарбақпен қоршалып, күтіліп, бапталған бақтың бұрынғыдай сәні жоқ. Сол ағаштардан арса-арса теректер ғана қалыпты. Халқының көбі көшіп кетіп, қарасыз қалған бақ, әйтеуір, өткен жылы қоршалған. Оның ішінде, Жекеңнің кеңшар директоры болған кезінде жасатқан Қанағанның мүсіні тұр.

Сонымен, Қаныш ағасының да батасын алған бозбала Алматы мал дәрігерлік-зоотехникалық институтына оқуға түседі. Келешекте жақсы маман болып, елге пайдасын тигізуді көздеген алғыр азамат сабағын жақсы оқып, оны ойдағыдай бітіріп шығады. Әсем Астанада ауылдас достары Шайхан Жандәев, Елкен Сәбенов, Қабан Қошанов, Әбдісаттар Тұрғамбеков, Ақан Дүйсембаев, Шарипиден Шокшиндер қатар оқып, бес жылдың зымырап өте шыққанын аңдамай да қалыпты.

Олар ауылға келгенде үлкен бір мереке болатын. Қарағандыда оқитын Кенжебек Рүстембеков, Жағалтай Хорашев, Серік Мақов, Саят Қазтаев, Целиноградтан келген Сайран Хасенов, Мәрдән Ахметов, Қайыржан Әринов секілді студент ағаларымыз қосылғанда, шағын ауыл шалқып, думанға бөленетін. Ал, біз сияқты балалар олар футбол, волейбол ойнағанда, қызық көріп, сондарында жүретінбіз.

Әсіресе, үй арасында үй жөк бізбен көрші тұратын Жұмекеңнің баласы Жеңіс ағамызға қарап, ағам Мейрам екеуіміз сондай студент болсақ деп армандайтынбыз. Бұл күнде бақилық болған Жұмаш ағамыз бен Қапса әжеміз бізді қызықтап, мадақтап қоятын. Кейін Жекең 1967 жылы оқуын аяқтап, Үлгі бөлімшесіне зоотехник болып орналасып, әкесінің бәйгесін алдын бермейтін жүйрік Қарагер атына бізді кезек-кезек мінгізіп, еркелететін. Залдында Жұмекең кәнігі атбегі, аңшы, мерген адам болатын.

Жұмысын жақсы білетін жас маман, коммунист көп ұзамай кеңшардың бас зоотехнигі, одан соң көршілес Пушкин атындағы кеңшардың бас зоотехнигі қызметіне тағайындалды. Арасында 2 жыл Отан алдындағы борышын өтеп келіп, өзімен Алматыдан таныс, Қыздар педагогикалық институтының түлегі Сағындық Ибраеваға үйленді.

Сол барған 1971 жылдан Жеңіс Шәдетов Пушкинде 1978 жылға дейін істеп, тәжірибесі толысқан шағында туған жеріне қайта оралып, осы қызметін жалғастырды.

– Маған өмірімде бағыт беріп, жол көрсеткен Орынбек Қарабасов, Жанғазы Садыхов, Рамазан Шалабеков, Әкірамаш Жұмакенов, Серік Ағыбаев, Шабал Мәдиев, Құндыбай Сұллейменов, Әбдіхамит Әлімжанов сын-

ды тамаша ақылшы ағаларым болды, – дейді Жекең өткенді еске алғанда.

Бабаевқа қайта келгенінде ол бірталай қиындықтарға кезікті. Мал өнімдерін өндіруден кеңшар аудан бойынша төменгі орында екен де, оның өлім-жітімі көбейіп, есеп-қисап жұмысы жолға қойылмапты. Сондықтан, Дәулеті асып-тасыған осынау шаруашылықтың басшылары мен еңбеккерлері 1991 жылы кеңшар құрылуының 30 жылдық, 1993 жылы жерлес ғалым, қазақтың тұңғыш агрономы Қылыш Бабаевтің 80 жылдық мерейтойларын дүркіретіп тойлаған. Сол 1993 жылдың жазында Бұқар жырау Қалқаманұлының туғанына 325 жыл толған тойға да ту бие сойып, киіз үй тігіп, Бұқарекен ұрпақтарын күтіп алып, сый-құрмет көрсетіп, шығарып салғандар да Жекең бастаған ел азаматтары.

Бір өкініштігі, кеңшар 1998 жылы тарамай тұра бергенде, осындағы ауылдар тоз-тоз болып, қазіргідей жүдеу жағдайға ұшырамағандық. Бірақ, сол кездегі аудан басшылары оны сақтап қала алмады. Соның кесірінен бір кездегі ақшаңқан Үлгі, Төрткөл бөлімшелерінде бес-оннан ғана отбасы қалып, санғыраған жана үйлер мен нысандар бұзылып, материалдары ту-талақай болды. Көрсен ішін ашып, жүрегің ауырады.

Сонда да Жеңіс Жұмашұлы Үміткер бөлімшесінен өндірістік кооператив құрып, оны 2001 жылға дейін ұстады Кейін өзімен өзі қалып, өзі құрған шаруа қожалығына қазір үлкен ұлы Абзал ие болып отыр. Ол жылда аздаған жерге егін салып, қолындағы бір-саран ірі қарасы мен жылқысына шөп шауып алады. Мұның өзі күнкөрістің қамы үшін ғана жасалып отырған тірлік.

Туған жерін түлетіп, өңірді дамытуға, еліне осыншама еңбегі сіңген Жеңіс ағамыз өмірінде амақ-даңқ іздемегені ғой. Оның омырауында осы күнге дейін бірде-бір медаль, не орден жоқ. Тек аудан, облыстан алған Алғтас хаттары мен Құрмет грамоталарын місе тұтып, ең жоғары марапаты 1991 жылы сол кездегі ел Президенті Н.Назарбаевтың кол қойып, жолдаған Құрмет грамотасы ғана. Тіпті, көп адамдарда құр «Бұқар жырау ауданының Құрметті азаматы» атағынан да құр алақан. Енді, аудан дамуында өлшеусіз үлесі бар ақсақалын сексен жастың сенгіріне шыққан осы мерейтойында Бұқар жырау ауданының әкімдігі мен мәслихаты қадірлеп, құрмет көрсетіп жатса, ешкім де қолдарын қақпас...

Негізі мен білетін асыл сүйекті Жеңіс ағам бұл жалған дүниенің барлық мадағы мен байлығы балаларым деп білетін адам. Сонысымен де, аспай-таспай, Сағындық жемгіміз екеуі бес баласын жеткізіп, олардан көрген 10 немересі мен 3 шөбересінің қызғығына тоймай, ел қатарлы күн кешуде. Өзінің бағасын ел-жұрты мен ұрпағы білгеннен артық ештеңе жоқ деп санайды.

Бұқар жырау ауданындағы Үміткер ауылының тұрғыны, ордалы отбасымыздың тірегі, ауыл-аймағының абыз ақсақалы Жеңіс Жұмашұлы Шәдетовті осы 27 шілдеде 80 жасқа толатын мерейтойымен құттықтап, мына жыр жолдарын арнаймыз:

Қызмет қып жастан елге бұл,
Сіңірген адал еңбегің
Еленіп, бүгін сексенге
Құтты болсын еңбегің!

Бар күшін бізге арнаған
Өзіндей қымбат бар ма адам?!
Ұрпағыңмен жүзге кеп
Қызығын көргін алда бар

Ізгі ниетпен тілек білдірушілер: жұбайы – Сағындық, балалары мен немере, шөберелері.



№443

• ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Жәрдемақы көлемі ұлғаяды

«Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы» ҚР қолданыстағы заңына сәйкес арнаулы мемлекеттік жәрдемақы азаматтардың 20 санатының өкілдеріне тағайындалады. Төлем мөлшері республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленетін айлық есептік көрсеткішке (АЕК) және ең төменгі күнкөріс деңгейіне байланысты болады. Ол арнайы мемлекеттік жәрдемақы алушылар кіретін санаттарға байланысты өзгеруі мүмкін.

2023 жылдың 1 шілдесінен бастап, Әлеуметтік кодекс енгізілгеннен кейін олардың кейбіреулері жәрдемақыны көбірек ала бастайды. Бұл төлем мүгедектігі бойынша айлық мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы мөлшеріне дейін қосымша ақы алушыларды қоспағанда, жасы бойынша немесе еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері тағайындалған мүгедектігі бар адамдарға тағайындалады. Егер, жоғарыда аталған азаматтар І және ІІ топтағы мүгедектігі бар адамдарға жататын болса, онда қолданыстағы заңнамаға сәйкес оларға 1,49 АЕК (2023 жылғы 1 қаңтардан бастап, 5 141 теңге) мөлшерінде арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төленеді. 1 шілдеден бастап, жәрдемақы 1,71 АЕК (5 900 теңге) дейін өседі.

Үшінші топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін бұл төлемнің мөлшері қазіргі уақытта 0,64 АЕК (2 208 теңге) құрайды. 2023 жылғы 1 шілдеден бастап, жәрдемақы 0,74 АЕК-ке (2 553 теңге) дейін арттырылатын болады.

Арнайы мемлекеттік жәрдемақы саяси қуғын-сүргін құрбандарына және саяси қуғын-сүргіннен зардап шеккен, мүгедек немесе зейнеткер адамдарға да тағайындалады. Олар үшін төлем 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 1,07 АЕК (3 692 теңге) құрайды, ал, 1 шілдеден бастап, 1,23 АЕК (4 244 теңге) тең болады. Қазақстан



Республикасы алдындағы ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған адамдар да осындай сомаға үміткер бола алады.

Айта кету керек, қазіргі уақытта бірінші топтағы мүгедек адамдарға күтім жасайтын азаматтарға 1,40 ең төменгі күнкөріс деңгейі (56 794 теңге) мөлшерінде арнайы мемлекеттік жәрдемақы төленеді. Әлеуметтік кодекс шенберінде азаматтардың бұл санаты арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алушылар қатарынан алынып тасталды. Әлеуметтік кодекске сәйкес оларға 2023 жылғы 1 шілдеден бастап, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамды күтуді жүзеге асыратын адамдарға 1,61 ең төменгі күнкөріс деңгейі (65 313 теңге) мөлшерінде мемлекеттік жәрдемақы тағайындалатын болады.

Бекзат БЕЙСЕКБЕКОВА,
ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек және әлеуметтік қорғау комитеті Қарағанды облысы бойынша департаментінің бас маманы

Академик Е.Бокетов атындағы Қарағанды университетінің экономика факультеті түлектері бакалавриат пен магистратураның келесі мамандықтары бойынша мамандар даярлайды:

«IT-кәсіпкерлік және цифрлық экономика» (математика + информатика), «HR-экономика және еңбек қауіпсіздігі», «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау» (физика + математика), «Экономика» (докторантура бар), «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Мемлекеттік және жергілікті басқару» (докторантура бар), «Маркетинг және SMM», «Логистика», «Мемлекеттік аудит», «Әлемдік экономика», «Кәсіпкерлік және жобаларды басқару», «Бизнес-аналитика және консалтинг», (география + математика), «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» (география + шет тілі), Грантка тусу үшін – ҚарУ коды – 031; Мемл.лицензия: KZ83LA00018495, «ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылым және білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» 28.07.2020 ж. берген, тел.: 8(7212)35-64-05, <https://buketov.edu.kz/>, priemka@ksu.kz

№409

Қарағанды Шинсервис ШИНАЛАР

Арнайы диллер «Алтайский шинный комбинат» ААҚ «Росва» ЖАҚ «Матадор» ЖАҚ

- жеңілдетілген құны үшін
- жеңілдетілген құны үшін
- тракторлар және ауыл шаруашылығы техникалары үшін
- арнайы техникалары үшін

ЕБ АРАМ ШИНАЛАР САТПАЙМЫЗ, ЕБ АРАМДАҒА БАЛАҒА САТАМЫЗ

Қарағанды қ.,қойма:Асфальтная көш., 22, дүкен: Бытовая көш., 14/1
тел. 8(7212) 97 20 27; 8 707 80 35 800

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны



• «БАЛҚАШ TOURFEST – 2023»

Турфестивальге шақырады

«Балқаш Tourfest – 2023»: облыстың тұрғындарын турфестивальге шақырады. Фестиваль ұйымдастырушылары – Қарағанды облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы және облыстық халық шығармашылығы ғылыми-әдістемелік орталығы.



Алғаш рет Балқаш көлінің жағайында, Ақшағыл кентінің аумағында «Балқаш Tourfest – 2023» фестивалі өтеді. «Балқаш Tourfest – 2023» – әркім өз қалауы бойынша ермек тауып, пікірлерінін таба алатын алаң.

Фестивальге Балқаш, Приозерск, Ақтоғай және Шет аудандарының 100-ге жуық жастары қатысады.

Демалушыларды йога және зумба нұсқаушыларының таңертеңгілік жаттығулары, конкурстар, тимбилдингтер, жағажай спорты, кешкі алау маңында әндер, үздік музыканттар, креативті жүргізушілер, диджейлер, бардтар, заманауи көше би топтары күтеді.

Фестивальдің хедлайнері – танымал қазақстандық орындаушы Kalifaniya.

Балалар үшін жеке ойын-сауық бағдарламасы дайындалып, фестивальде алкоғольдік сусындарға тыйым салынады!

Сондай-ақ, фестиваль аясында «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының жауынгерлері, аумақты жинау бойынша экологиялық акцияға, спартакиадаларға, конкурстарға, викториналарға және т.б. іс-шараларға қатысатын болады.

Өтетін уақыты – 2023 жылғы 11-12 тамыз күні сағат10:00-ден 23:00-ге дейін жалғасады.

Қарақат ҚҰРМАШЕВА,
Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-дің
II курс студенті

• ТАҒЫМ

Арқа жұрты асылын ардақтады

Мемлекет және қоғам қайраткері, Ұлы Отан соғысының ардагері, Қарағанды қаласы мен Шет ауданының Құрметті азаматы, «СССР баспа ісінің үздігі», «ҚазССР мәдениетінің еңбек сіңірген қызметкері» Мәлік Имашевқа еске алу тақтасы орнатылды. Тақта 1973 жылдан 1994 жылға дейін өзі басшылық еткен баспа үйінің қабырғасына ілінді. Тарихи ғимарат Абай мен Бұқар жырау даңғылдарының қиылысында орналасқан.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тақтаның ашылу рәсіміне облыс басшылығы мен қаламгерлер және зиялы қауым өкілдері, өзі баптаған шәкірттері қатысты. Балалары мен немерелері де келді. Шара барысында Мәлік Имашев жайында жылы естеліктер айтылып, ұлағаты насихатталды. Көзі тірісінде жанына жақын шәкірті һәм бауырына айналған белгілі тележурналист, «Ақпарат саласының үздігі» Әшімхан Жәмпейісов аға-ұстазы хақында ой толғап, орыңдалмай кеткен арманын айтты.

– Кеңес Одағынан қалған жұпыны хәлдегі баспахананы жаңғыртты. Жаңа жұмыс жүйесін енгізді. Осакаров ауданындағы бидай қабығынан қағаз жасау шаруасын қолға алған еді. Өттең, зейнет жасына толып қойғандықтан, өз бастамасын іске асыра алмады, – дейді Әшімхан Жәмпейісов.

«Полиграфия» өндірістік бірлестігін басқарған 21 жыл ішінде Мәлік Имашев



баспаның материалдық-техникалық базасын жетілдіріп, өндірістік тиімділігін арттырған. Білікті басшы өз еңбегі арқылы тәуелсіз Қазақстанның баспа ісіне тың серпін берген. Шәкірттерінің айтуынша, ұлағатты тұлға журналистердің де жұмысын жетік білген. Ғұмырнамасы хатталған 7 кітаптың авторы. Ұжымға кадр

белгілі азаматтар қамқорлық жасаған екен. Атап айтсақ, Камалтін Мұхамеджанов, Рымбала Омарбекова, Оралды Терегожин, Тілеубек Камалиев, Ғабит Тұяқов, Әшімхан Жәмпейісов.

«Мұндай тақта ел мүддесіне еңбек еткен ердің есімі халық жадында сақталуы үшін қажет», – дейді көзкөргендер.



• ЕҢБЕК АДАМЫ

Ұлттық құндылықты ұлықтаған

«Бала күнімен ине-жіпке әуес болдым. Анам маған түрлі киім үлгілерін пішуді үйретті. Әр тіккен дүниесімен ләззат алып, марқайып қалатынымын» дейді шебер Алмагүл Өтенқызы. Бүгінде кейіпкеріміз ана сүтімен бойына дарыған қасиетті өнермен ұштастырып, жеке кәсібін дөңгелеткен. Былтыр «Бастау бизнес» жобасының грантын иеленіп, ұтқан қаржысына тігін машиналарын алды. Қазір сүйікті ісінің нәтижесінде кішігірім нәпақасын айырып отыр. Айта кетейік, кәсіпкер ұлттық киім пішіп, құрақ көрпе ғана тікпейді. Киіз басып, жүн де, ши да тоқиды. Ұрышқ та иіреді.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Қазір тек тапсырыс бойынша жұмыс істеп жүрмін. Алдағы уақытта шәкірт тәрбиелеп, білетінімнің бәрін үйреткім келеді. Ата-бабадан қалған құнды мұраларымыз ұмыт қалмаса екен. Алайда, соңыма шәкірт ертудің өзінде де мәселе қаржыға келіп тіреледі екен. Бұл, тек бір адамның қолынан келе бермейтін шаруа. Сондықтан, демеу керек, – дейді Алмагүл Өтенқызы.

Кәсіпкер мектеп формасын да өзі тігеді екен. Алыс-жақын көршісінен, таныстарынан тапсырыс қабылдап, осы уақытқа дейін бірнеше данасын саудалап үлгерген. Сапасы жоғары, әрі бағасы да қолжетімді болғандықтан, тауарға сұраныс та артып келеді. Енді жаңа оқу жылы қарсаңында акция ұйымдастырып, туындыларымен сол арада көппен бөліспекші.

– Ұлттық киімдерді көбірек тігуді жөн санаймын. Күнделікті киіп жүруді әдетке айналдырып, насихаттасақ екен. Жасыратыны жоқ, ұлттық киімдерімізді тек мереке күндері ғана сандықтан шығарамыз. Келешекте жұмыс орнын ашып, жұмыс-



сыз жүрген ісмерлерді жаныма тартқым келеді, – деді шебер.

Бүгінде аймақта ел біле бермейтін, көп алдына шыға бермейтін ісмерлер көп. Көптің тасасында жүрген өз ісінің маман-



дарын қолдау мақсатында өңірде «Дарабоз» қайырымдылық қоры ашылған. Жұмысын бастағанына көп уақыт бол-

маса да, 30-дан астам шебердің басын біріктіріп, жұмыстарын елге насихаттап келеді. Жақында Астана күніне орай өткізілген көрме-байқауға шеберлердің жұмыстарын апарып, көпшілік назарын өздеріне аударып қайтты.

– Өңірде біз біле бермейтін ісмерлер, шеберлер баршылық. Сондай жандарды елге көрсеткім келеді. Астанада өткен байқауда жұрт назары өңірден шыққан шеберлерге ауды. Туындыларының сапасына да, бағасына да қатты қызықты. Өнімдеріміздің бәрі бір күнде саудаланды. Ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп жүрген жандардың еңбегін бағалау керек. Қордың мақсаты да – осы, – деді қор директоры Әсемгүл Жақупова.

• БОКС

Ең ерекше нокаут

ProBoxTV.com сайты бұрынғы орта салмақтағы әлем чемпионы, жерлесіміз Геннадий Головкиннің ең жарқын алты жеңісін талдап, британдық Мэттью Маклинді нокаутқа түсіргенін «Ең ерекше нокаут» деп атаған.



Аталған жекпе-жек 2013 жылы 29 маусымда американдық Машатакетте өткен. GGG қарсыласын үшінші раундта айқын басымдықпен жеңген.

«Қай қырынан алсаң да, ерекше нокаут. Головкин бірінші раундта оңай жеңді. Екінші раундта Маклиннің қабағы жарылды. Ол ашуланып, алға ұмтылды. Осы сәтте Гена басына бірнеше соққы жасады. Қарсылас бетін жапқанда бүйректен түйреп өтті. Құлатып, екі қабырғасын сындырды. Төреші Эдди Коттон санай бастағанда «Бұл қалыпты жағдай емес», деп таң қалды комментатор Макс Келлерман. Иә, шынымен, бұл – бокс тарихындағы ерекше нокаут», – деп жазады басылым.

Жекпе-жек күні белгілі, қарсыласы – белгісіз

Жерлесіміз Абылайхан Жүсіповтің (3-0, 2 KO) келесі жекпе-жегінің күні белгілі болды. Кездесу 26 тамызда Түлсада (Оклахома штаты, АҚШ) жоспарланған. Бұл туралы Top Rank промоутерлік компаниясының баспасөз хабарламасында жарияланды. Ал, қарсыласының кім екендігі әлі белгілі емес. Жартылай орта салмақтағы жекпе-жек сегіз раундқа жоспарланған.

Жүсіповтің жекпе-жегі ESPN-дегі Top Rank бокс кешінің андеркардының бөлігі болмақ. Кештің басты жекпе-жегінде жергілікті супер-нокаутшы Джаред Андерсон (15-0, 14 KO) және украин Андрей Руденко (35-6, 21 KO) жұдырықта-сады.

Басты жекпе-жекте Қазақстанның тағы бір өкілі ауыр салмақтағы Жан Кособуцкий (19-0, 18 KO) және нигериялық Эфе Аджабга (17-1, 13 KO) ауыр дивизионда шайқасынның да атап өткен жөн.

• ПАРАЛИМПИАДА

«Барлық кедергі – мида...»

Азия рекордын орнатқан қарағандылық паралимпиадашы Дастан Мұқашбеков Франциядан оралды. Елге келген спортшыға осындай маңызды жеңіске жетуге спорттық ерік-жігер, үздіксіз жаттығумен қатар, отбасының қолдауы да көмектескен.

– Әлем чемпионатына Озбекстандағы жиындарда дайындалдым. Арқама қатты зақым келтіріп алып, жаттығу қиынға соқты. Бірақ, алған ем шипалы болды. Уақыт аз. Қатты дайындалдым. Нәтижесінде, Азия рекордын орнаттым. Бала кезімнен мен жоғары деңгейлі спортшы болғым келді, проблемалар кедергі бола алмады. Барлық кедергі мыйда екенін түсіндім, – дейді Мұқашбеков.

Енді, Дастанның алдында 20-28 қазан аралығында Қытайда өтетін Паназиялық ойындарда өнер көрсету міндеті тұр. Облыстан спорттың бес түрінен 10 адам қатыспақ.

Дайындаған
Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Сауатқа Арағат» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары –
«Индустриальная Караганда»
газетінің бас редакторы –
О.В. МЯГКИХ
Директордың орынбасары –
Г.Ш. ЖҰМАДІЛДИНОВА

Бас редактор –
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары м.а. –
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-1370
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген (®)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № К218ВР00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD003131,
БИК KСJВKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 463

№80 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арқо» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің көпшіліктері органында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Сағыншы ӘБІЛ**